



БІЛІМ МЕН ИННОВАЦИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКА ҚҰРУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев Astana Hub инновациялық экожүйесіне барды. Президентке Nur Alem сферасында орналасатын Alem.ai жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасы таныстырылды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиевтің айтуынша, орталық жанынан Tomorrow School және Tumo Education мектептері ашылады. Мұнда жыл сайын мыңнан астам оқушыға бағдарламалау машықтарын, роботты техниканы және басқа да креативті технологияларды үйрету, сондай-ақ жоғары білікті 1000 маман даярлау жоспарланып отыр. Alem.ai халықаралық орталығы стартаптар акселерациясы және зерттеу жобаларын қолдауға арналған кампус ретінде қызмет көрсетеді.

Президентке инкубация және акселерация бағдарламаларына қатысып жатқан, келешегі

зор отандық стартап жобалар мен компаниялар туралы ақпарат берілді.

Олардың арасында тұтынушылармен байланысқа арналған дыбысты роботтарды әзірлеуге және енгізуге маманданған Subnet.ai, иммунды терапия және диагностика салаларындағы күрделі міндеттерді шешуге өз үлесін қосуға ниетті AtlanBiotech компаниялары бар. Ал перспективасы зор тағы бір стартап – Higgsfield AI ғалымдар мен инженерлерге күрделі компьютерлік модельдерді үйретуге көмектесетін озық жүйені ойлап тапты.

(Жалғасы 2-бетте)

МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаевқа Президент реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету аясында палатаның атқарған қызметі туралы баяндалды.



Мәжіліс Төрағасының айтуынша, сессия басталғаннан бері 31 заң қабылданып, Сенатқа жолданды, сондай-ақ 15 заңға Президент қол қойды. Олардың ішінде Бюджет кодексі, биржалық сауда мәселелері бойынша заңдар, есірткі қылмысы үшін жазаны қатандату, «Келешек» бірінші ерікті жинақтаушы жүйесін енгізу, соттарды жаңғырту, әкімшілік заңнаманы жетілдіру және тағы басқалары бар.

Қазір депутаттар 71 заң жобасын қарап жатыр. Салық, Су, Құрылыс, Цифрлық кодекстері мен тұтынушылар құқығын қорғау, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу мәселесі, қаржы нарығын дамыту, әскери-патриоттық тәрбие, пошта секілді заң жобалары бойынша жұмыс жүргізілуде.

Президенттің Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасын орындау мақсатында депутаттар қыз алып қашқаны үшін берілетін жазаны қатандату жөнінде түзетулер дайындап жатыр.

Депутаттар бюджет шығындарына парламенттік бақылау жұмыстарын ұдайы жүргізіп келеді.

Жуырда Жоғары аудиторлық палата төрағасының ауыл шаруашылығын мемлекеттік субсидиялаудың тиімділігі туралы есебі тыңдалды.

Спикердің айтуынша, Мәжіліс заң шығару жұмысының ашықтығына, оған қоғам мен сарапшылар қауымдастығын тартуға ерекше мән береді. Қоғамдық палатаның отырыстары тұрақты түрде өткізіледі.

Барлық партиялық фракция депутаттары мен бірмандатты округтерден сайланған халық қалаулылары сайлаушыларымен жиі кездесулер өткізіп, азаматтарды қабылдап, өңірлерге сапарлайды.

Мәжіліс Төрағасы парламенттік дипломатия бағытындағы жұмыстың қорытындылары жөнінде мәлімет берді.

Ерлан Қошанов «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты», сондай-ақ Мемлекет басшысының халықтың қаржылық сауатын арттыру жөніндегі тапсырмасын орындау бойынша атқарылып жатқан «Қарызсыз қоғам» жобалары туралы айтты.



КЕН ӨНДІРУ САЛАСЫНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы» ұйымының басқарма төрағасы Хелен Кларкты қабылдады.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан 2007 жылы аталған ұйымға мүше болғаннан бері ӨСАБ стандарттарын сақтауға бейімдігін көрсетіп келе жатқанын атап өтті. Елімізде жер қойнауын пайдаланушылардың ұйым талаптарын сақтау міндеттемелері және бюджетке аударатын салық пен басқа да төлемдері бойынша есебі заңнамалық деңгейде бекітілді.

Президент Ұйым басшысына геологиялық барлау мен кен өндіру саласында қабылданған реттеу шаралары туралы ақпарат берді. Атап айтқанда, саланы дамытудың кешенді жоспары қабылданып, интерактивті карта мен 50 мыңнан

аса геологиялық есеп қамтылған Жер қойнауын пайдаланудың бірінші платформасы іске қосылды. Бұдан бөлек, бизнестің барлау және өндіру жұмыстарына лицензия алу тәртібі жеңілдетілді.

Хелен Кларк ұйымның алдағы кезеңге арналған стратегиялық жоспарымен және басым бағыттарымен бөлісті. Ол Қазақстанның жер қойнауын пайдалануға қатысты заңнамалық актілерін жетілдіру жұмыстарын жоғары бағалады. Бұл кен өндіру өнеркәсібінің ашықтығын қамтамасыз ету талаптарын орындауға мүмкіндік береді.

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ӘСКЕРДЕН НЕГЕ ҚАШТЫҢ, БАЛА БАТЫР?



Қазір елімізде күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Президент Жарлығына сәйкес, бұл желтоқсан айының аяғына дейін жалғасады. Бір екіншісі, жастар әскери билетке ие болуға асықпай тұр.

→ 5

РОБОТТАР ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ



Өнеркәсіптік роботтар ондаған жылдан бері қолданылып келе жатқаны бәріне мәлім. Жасанды интеллект, машиналық оқыту және инженерия саласындағы соңғы жетістіктер олардың жұмысын кешенді түрде тиімдірек етті.

→ 8

ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫСҚА

ДАЙЫН БОЛМАҒАНЫ МА?

Өткен аптада Қызылордаға алғашқы қар түсті. Қыламықтап жауған қардың соңы көктайғаққа ұласып, қала халқы біраз әбігерге қалды. Құзырлы орындардан қауқар болмады.

→ 7



АҚОРДА

БІЛІМ мен ИННОВАЦИЯҒА
НЕГІЗДЕЛГЕН ЭКОНОМИКА ҚҰРУ ҚАЖЕТ

(Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысына Tik-Tok және Netracker компанияларының еліміздегі қызметі туралы баяндалды. Салық жеңілдіктері, визалық қолдау және басқа да қолайлы шарттардың нәтижесінде шетелдік компаниялар мен IT-мамандар Astana Hub экожүйесінің катарына қосылуда. Қазір ғылыми-зерттеу жобаларын бірлесе жүргізіп, жаңа өнімдер әзірлеу мақсатында елімізде Telegram, TON, Tether, Google, EPAM және басқа да әлемдік IT-индустрия өкілдерінің кеңселерін ашу үшін келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект саласындағы отандық өнімдерді тамашалады. Олардың арасында кен орындарының цифрлық телнұсқасы, дрондарды басқару және өндіріске арналған робот-ит секілді индустриялық шешімдер бар.

Президентке мемлекеттік қызмет көрсету барысында қолданылатын жасанды интеллект технологияларының үлгілері таныстырылды. Сондай-ақ АІТУ экожүйесінің мүмкіндіктері, Nazarbayev University жанынан құрылған Жасанды интеллект институтының (ISSAI) жобалары — KazLLM алғашқы қазақ тілі моделі мен SoyleApp көпфункционалды қосымшасы туралы баяндалды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жасанды интеллект саласын дамытуға қатысты ойымен бөлісіп, Қазақстанның IT сектордағы әлеуеті зор екенін атап өтті.

— Білім мен инновацияға негізделген экономика құру қажет. Технологиялық және экономикалық тұрғыдан озық ел болу үшін, ең алдымен, адам капиталы, цифрландыру және жасанды интеллект саласын дамытуға баса мән беру маңызды. Қазіргі заманда онсыз болмайды. Себебі қазір күллі әлем жұртшылығы цифрлық әлемде өмір сүріп жатыр дегуе болады. Сарапшылардың айтуынша, жасанды интеллект технологиясының тиімділігі жыл өткен сайын арта түспек. Сондықтан алдымызда ауқымды міндеттер тұр. Қазақстан Еуразиядағы аса ірі цифрлық хаба айналуға тиіс. Цифрлық даму мәселесіне тың, жанаша көзқараспен қарау қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында Ұлттық жасанды интеллект



орталығын құру туралы бастама көтергенін еске салды. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл идеяны одан әрі өрістетуді, яғни орталыққа халықаралық мәртебе беріп, оны аймақтағы жасанды интеллектті дамытатын басты институтқа айналдыруды ұсынды.

— Alem.ai халықаралық орталығы жасанды интеллект қозғалысының теміржолына және Қазақстанның цифрлық трансформациясының символына айналуға тиіс. Бұл алаң еліміздегі ең мықты мамандардың басын қосып, әлемнің түкпір-түкпірінен таланттарды жинайды. Мұнда ғылыми және тәжірибелік-конструкторлық зертханалар, бағдарламалау мектебі және халықаралық технологиялық компаниялардың кеңселері орналасады. Astana Hub пен Alem.ai нағыз инновациялар фабрикасына айналуға тиіс. Ол үшін халықаралық серіктестерді тартқан жөн. Ғылыми зерттеулерге қолдау білдіріп, экономиканың басты бағыттарына, білім беру және әлеуметтік салаларға арналған шешімдер ойлап табу қажет, — деді Президент.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев институционалдық орта қалыптастыру маңызды деп санайды. Мемлекет басшысы өзінің тапсырмасы бойынша Үкімет Жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдағанын айтты.

— Құрамына жетекші халықаралық сарапшылар кіретін Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңес құруды тапсырамын. Бұл қадам біздің институционалдық ортаны үздік әлемдік стандарттармен үйлестіруге мүмкіндік береді. Парламент депутаттары «Жасанды интеллект туралы» заң жобасына бастамашы болғаны мәлім. Заңды әзірлеу жұмысына мұқият қараған жөн. Нейрожелілер үлкен мүмкіндіктерге жол ашып қана қоймайды, сондай-ақ оның қауіп-қатері де бар. Мәселен, қазір жалған ақпарат таратып, қоғамдық пікір қалыптастыру үшін ақ-қарасын ажырату қиын фейктер жиі жасалады. Сондықтан жасанды интеллектті жауапкершілікпен қолдану қағидаттарын, этикалық аспектілерін заң жүзінде бекіту қажет. Сон-

дай-ақ оның дамуы мен қолданылуы барысында ашықтықты, жариялылықты қамтамасыз ету қажет, — деді Президент.

Мемлекет басшысы саланың инфрақұрылымын дамыту мәселелері жөнінде сөз қозғады. Өйткені ЖИ технологияларына заманауи есептеу қуаты керек.

— Бүгінде әлемдік нарықта есептеу ресурстарының тапшылығы сезіледі. Алдағы уақытта оған қажеттілік арта түспек. Сондықтан Үкіметке дата-орталықтар салу үшін ірі халықаралық компанияларды тартуға, сондай-ақ киберқауіпсіздіктің әлемдік стандарттарын енгізуге және мамандардың біліктілігін арттыруға бағытталған тиісті жағдай жасауды тапсырамын, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Тағы бір маңызды міндет — деректерді сапалы түрде цифрлық форматқа көшіру және жүйелеу. Үкіметке деректер жиынтығын қалыптастыру бағытында шара қабылдау тапсырылды. Ол мемлекеттің, бизнестің және ЖИ-ға қызығушылығы зор азаматтардың жасанды интеллект модельдерін ойлап табуына, білім алуына және дамуына жол ашады.

— Бұл салада тыңғылықты атқарылған істің бір мысалы — KazLLM тіл моделі. Біз жасанды интеллектті қазақша ойлауға, сараптауға және сөйлеуге үйреттік. Бұл айтарлықтай жетістік қазақ тілін цифрлық ортада дамыту үшін зор мүмкіндік береді. Басталған үлкен істі жалғастыру керек. Алдымызда түрлі сипаттағы деректерді бір мезетте қолдана алатын Қазақ тілінің мультимодальды тілдік моделін жасау міндеті тұр. Үкіметке осы бағыттағы жобаларды қаржыландыру мәселесін пысықтауды тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

Президент азаматтардың жасанды интеллект саласындағы сауатын ашып, біліктілігін арттыру қажет екеніне назар аударды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бес жыл ішінде 1 миллион адамды жасанды интеллект дағдыларына үйрету міндетіне ерекше көңіл бөлін жөн. Оқушыларға, студенттерге, мемлекеттік қызметкерлер мен кәсіпкерлерге арналған бағдарламаға барынша қолдау көрсетілуге тиіс.

— ЖИ технологиялары саласындағы отандық және халықаралық білім беру бағдарламалары еліміздің кадрлық әлеуетін арттыруға үлес қоса алады. Үкіметке жасанды интеллект бағытында маман даярлауға арналған AI-Sana бағдарламасын кезең-кезеңімен жүзеге асыру мәселесін қарастыруды тапсырамын. Аталған бағдарлама оқу, зерттеу және стартаптарды әзірлеу үдерістері тоғысатын динамикалық экожүйені қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Әлемнің жетекші университеттерінің акселерация тәжірибесін қолданған дұрыс. Жасанды интеллекттің пайдасын Қазақстанның әрбір тұрғыны білуі керек. Оның не үшін қажет екенін, қалай дұрыс қолданылатынын ыждағаттық түсіндірген жөн, — деді Президент.

Үкіметке азаматтардың жасанды интеллектті күнделікті қолдануына арналған механизмдерді енгізу шараларын қабылдау міндеті жүктелді.

— Қазақстанның инновация мен озық технологияны дамыту ісінде көш бастауға мол мүмкіндігі бар. Цифрландыру және жасанды интеллектті кенінен енгізу еліміздің қарыштап дамуына кепіл болуға тиіс. Мұндай өршіл мақсатқа қол жеткізуге қауқарымыз жетеді. Мен оған сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ
ПАЛАТАНЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Мәжіліс депутаттары Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Жалпы отырыста Жоғары аудиторлық палатаның «Ауыл шаруашылығын субсидиялауға бөлінген мемлекет қаражатын палатаның аудиторлық тиімділігі туралы» есебін тыңдады. Сонымен қатар бірінші оқылымда құрылыс саласы мен тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу мәселелерін жетілдіруге қатысты түзетулер мақұлданды. Екінші оқылымда кейбір заңнамалық актілерді Конституция талаптарына сәйкестендіруге қатысты заң қабылданды.

Мемлекет басшысының Конституциялық реформасы аясында Мәжіліс жыл сайын екі рет Жоғары аудиторлық палата төрағасының атқарған жұмыстары туралы есебін тыңдайды. Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әлихан Смайыловтың биылғы есебі ауыл шаруашылығына бөлінген мемлекеттік қаражатты пайдалану тиімділігіне арналды.

Депутаттар алдында баяндама жасаған Жоғары аудиторлық палата төрағасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үкіметке ауыл шаруашылығын тиімділігі жоғары сала деңгейіне шығару, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру туралы тапсырма бергенін айтып, бұл ретте аграрлық сектордағы мемлекеттік реттеудің тиімділігі айтарлықтай маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

— Мәжілістің тапсырмасына сәйкес Жоғары аудиторлық палата тиісті аудит жүргізді. 5 жыл ішінде субсидиялауға бюджеттен шамамен 2 трлн теңге бөлінді. Алайда бірқатар жүйелі проблема олардың әсерін шектеп отыр. Ауыл шаруашылығы министрлігі соңғы 10 жылда бірнеше бағдарламалық құжат қабылдады. Олардың көбі соңына дейін жеткізілмеген. Іске асыру барысында мерзімінен бұрын күші жойылған, — деді Әлихан Смайылов.

Жоғары аудиторлық палата төрағасы атап өткендей, субсидиялау жүйесі де кемшіліктерден арыла алмай отыр, соңғы 5 жылда оған 70-тен астам өзгеріс енгізілген. Сонымен қатар субсидиялау көлемі артқанмен, айқын басымдықтар жоқ. Жүйелі проблемалар қатарында фермерлердің қарсы міндеттемелерінің жоқтығы, бюджет қаражаттарының экономикалық тиімділігінің формальды түрде бағалануы, Gosagro.kz ақпараттық жүйесіндегі кемшіліктер және басқа да мәселелер айтылды.

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы Серік Егізбаев өзінің қосымша баяндамасында қолданыстағы субсидиялау жүйесінің кемшіліктеріне қарамастан, комитеттің Жоғары аудиторлық палата қорытындыларының кейбірімен келіспейтінін атап өтті.

— Мысалы, ірі ауылшаруашылық құрылымдарымен салыстырғанда шағын ауылшаруашылық құрылымдары мен жеке шаруашылықтардағы жоғары егін өнімділігі мен мал шаруашылығы өнімінің тиімділігі туралы тұжырым дұрыс емес деп ойлаймыз. Статистикалық деректерді қалыптастыруға цифрлық технологияларға негізделген жаңа тәсілдер қажет. Немесе шағын және орта шаруашылықтарды қаржыландыруға қолжетімділіктің шектеулі болуы. Субсидиялар шығындардың өтемі ретінде беріледі. Талап-ереже барлық шаруашылық үшін бірдей. Бірақ объективтілік үшін айта кету керек, шағын және орта ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің мемлекеттік қолдау шараларына қол жеткізу мәселелерінде негізгі мәселе жеткілікті кепілдіктің болмауы, — деді Серік Егізбаев.

Талқылау барысында депутаттар Жоғары аудиторлық палата төрағасына, Ауыл шаруашылығы министріне және басқа да жауапты органдар басшыларына сұрақтар қойды. Оның ішінде мемлекеттік қаражаттың тиімді пайдаланылуы, субсидиялау тәсілдерін өзгерту, экспорт әлеуеті, агроөнеркәсіп кешеніндегі сыбайлас жемқорлықпен күрес және басқа да мәселелер қамтылды. Нәтижесінде, Мәжіліс Жоғары аудиторлық палата есебін қабылдап, Үкіметке және Ауыл шаруашылығы министрлігіне бірқатар ұсыным берді.

Қорытындылай келе, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бұл Конституциялық реформа қабылданғаннан бері Жоғарғы есеп палатасының депутаттар алдындағы төртінші есебі екенін атап өтті.

— Мұнда қоғамдағы ең өзекті, ең түйткілді мәселелер талқыланады. Осыған дейін су, жылу және көлік саласындағы маңызды проблемаларды қарайды. Қазір осы бағыттарда оң өзгерістерді байқап жатырмыз. Агроөнеркәсіп кешені экономикалық өсімнің негізгі қозғаушы күшіне айналуға тиіс. Оған біздің әлеуетіміз де, ресурстарымыз да жеткілікті. Мемлекеттен бөлініп жатқан субсидиялар Президенттің барлық тапсырмасын іске асыруға жұмыс істеуі қажет. Бұл ретте, субсидия жүйесі барынша қарапайым, ашық, түсінікті әрі тұрақты болуы шарт. Депутаттар өз тарапынан көмек



көрсетуге, соның ішінде заңнаманы одан әрі жақсарту мәселелерін зерделеуге дайын, — деді Ерлан Қошанов.

Сонымен қатар Мәжіліс депутаттары бастамашылық еткен кейбір заңнамалық актілерге құрылыс секторын және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Мәжіліс депутаты Самат Мұсабаев өзінің баяндамасында ұсынылған түзетулер тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталғанын айтты. Жобада құрылыс компанияларының тәжірибесіне қатысты талаптар жеңілдетіліп, қаржылық есептілікті ақпараттық жүйелер арқылы ұсыну міндетті болады. Осы ретте, инжинирингтік компанияларға ай сайын ақпараттық жүйелер арқылы жергілікті атқарушы органдарға үлестік тұрғын үй құрылысының барысы мониторингінің нәтижелері туралы есеп беру міндеті белгіленді.

— Жұмыс тобы барысында депутаттар «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» заңын қолдану аясын кеңейтуге және осы саладағы мемлекеттік реттеуді күшейтуге бағытталған бірқатар түзетулер бастамашы болды. Үлестік тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу туралы заңнаманың басты түзетулерінің бірі, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамаға сәйкес, алдын ала шарттар, инвестициялау, брондау және тағы басқа шарттар, инвестициялау салу, құрылыс жүріп жатқан нысанды өкімдіктің рұқсаты немесе бірінші оператордың кепілдігі болмаған жағдайда жарнамалауға және екінші деңгейлі банктер ипотека рәсімдеуге тыйым салу, салынып жатқан тұрғын үйдің тапсыру мерзімдерін ұзартуды қысқарту, үлестік тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу және жарнаманы таратқаны үшін өкімшілік айыппұлды 2000 айлық есептік көрсеткішке дейін ұлғайту ұсынылды, — деді Самат Мұсабаев.

Түзетулер қатарында электронды түрде үлестік қатысу келісімдерін жасау мүмкіндігі және басқа да шаралар қарастырылған. Сонымен қатар жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй құрылысындағы үлестік қатысу туралы келісімдерді біртұтас ақпараттық жүйеде тіркеу міндеті жүктелді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар екінші оқылымнан өтті. Ол туралы Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрайымы Снежана Имашева баяндады. Ол Конституциялық соттың «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңын мемлекеттік қызметтің белдіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыстан босатылған азаматтардың мемлекеттік қызметке кіруіне мерзімсіз тыйым салуды белгілеу бөлігінде Конституцияға сәйкес емес деп танығанын атап өтті. Бұл ретте сыбайлас жемқорлық, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасаған, сондай-ақ қылмыстық топтың құрамында қылмыс жасаған адамдарға мерзімсіз шектеу сақталды.

Дәлелсіз себеппен қатарынан үш және одан да көп сағат бойы қызметте болмағаны үшін әскери қызметтен босатылған адамдардың әскери және құқық қорғау қызметіне кіруіне мерзімсіз тыйым салу алынып тасталады.

Сонымен қатар Мәжіліс Сенаттың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу, қоғамдық қатысу, мемлекеттік наградалар және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына енгізген түзетулерімен келісті.

Н.ОРАЗҒАЛИ

БІРЫҢҒАЙ УАҚЫТ БЕЛДЕУІ: ЗЕРТТЕУДІ АЯҚТАУДЫ ТАПСЫРДЫ



Парламент депутаттары мүдделі мемлекеттік органдарға бірыңғай уақыт белдеуі мәселесіне қатысты ғылыми-зерттеу жұмысын алдағы жылдың наурыз айына дейін аяқтауды тапсырды. Бұл туралы Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов Үкімет мүшелерінің қатысуымен өткен фракцияның кеңейтілген жиынында айтты.

Белсенді пікір алмасу барысында Мәжіліс депутаттары Үкімет мүшелеріне бірыңғай уақыт белдеуін енгізуге қатысты азаматтарды толғандырған өзекті сауалдарды жеткізді. Атап айтқанда, мәжілісмен Ж.Әшімжанов Алматы облысының, Жетісу облысының және өзге де өңірлердің тұрғындарынан депутаттық корпус атына келіп түскен көп өтінішке назар аударды. Депутат Е.Саиров үйлесімді қоғам құру үшін Парламент пен Үкіметтің осы мәселе бойынша біртұтас ұстанымы болуға тиіс екенін мәлімдеді. Депутат Ю.Кучинская мұндай мәселе Үкімет қаулысы деңгейінде шешілмей, заң деңгейінде реттелуі керек деген пікір білдірді.

Депутаттар Р.Зайтов, Ұ.Тұмашинов, Н.Сабильянов, Е.Жанбыршин, Б.Нәжіметдинұлы, Н.Дементьева, Д.Мұқаев және тағы да басқалар өз ой-пікірлері мен ұсыныстарын білдірді. Сондай-ақ Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова баяндама жасады.

Фракция жиынын қорытындылай келе, Мәжіліс Спикері уақыт белдеуін өзгерту — қоғамда ең көп талқыланатын тақырыптың бірі екенін атап өтті. Ол мұндай шешімдерді алдын ала егжей-тегжейлі талдау және кенінен талқылау

арқылы қабылдау керек екенін жеткізді. Бұл кадам қоғамға тиімді түсіндіру жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді. Осыған байланысты Үкімет бірыңғай уақыт белдеуіне көшудің әсері туралы көпфакторлы ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу жөнінде шешім қабылдады. Аталған шешім бірқатар сұрақтың жауабын беруге тиіс.

«Уақыттың өзгеруі, ең алдымен, азаматтарымыздың денсаулығы мен әл-ауқатына, тұрмысына қалай әсер ететініне қатысты нақты жауап алуымыз керек. Осы мәселеге бас мән беру қажет. Сонымен қатар Үкімет айтып отырған үш жыл — тым ұзақ мерзім деп есептеймін. Зерттеу жұмысын үш айда аяқтағандарыңыз жөн. Алдағы жылдың наурыз айында зерттеу қорытындыларымен және нақты шешу жолдары бар ұсыныстармен келесіздер деген үміттеміз», — деді Ерлан Қошанов Үкімет мүшелеріне қарата айтқан сөзінде.

ЖҮЗДЕН АСТАМ ЖАС МАМАН ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ

Биыл «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының бастамасымен өңірде екі ірі бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

«Жастарға жұмыс» жобасының мақсаты — жұмыс іздеген жастарды жергілікті кәсіпорындармен байланыстыру және өңірдегі жұмыссыздық деңгейін төмендету. Аталмыш жәрмеңкеге 97 кәсіпорын қатысып, 700-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды.

«Қазір Алматы облысында 280 мыңға жуық жас бар. Олардың 6 мыңға жуығы жұмыссыз ретінде тіркелген. Осындай жәрмеңкелер арқылы біз жастарды еңбек нарығына бейімдеп, өз салалары бойынша жұмыс табуына мүмкіндік жасап отырмыз. Бұл шара тек бос жұмыс орындарын ұсынумен шектелмейді. Сонымен қатар жастарға еңбек нарығындағы талаптар туралы ақпарат беріп, кәсіби дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осындай шаралардың нәтижесінде, 109 жас маман жұмысқа орналасты, ал 200-ге жуық жас сұхбаттасуға шақырылып, өздерін көрсету мүмкіндігін алды», — деді «Жастар Рухы» ЖК-ның Алматы облыстық филиалы төрағасы Медет Бекбергенов.

Кәсіпорындар ішінде ерекше көзге түскендердің бірі — Талғар ауданындағы Ketuen Plus зауыты. Су және жылыту жүйелеріне арналған пластикалық құбырлар мен фитингтер шығаратын бұл өндіріс орны WUKO DENIZ брендімен кең танылған. Зауыттың жоғары өндірістік әлеуеті мен сапалы өнімдері ішкі нарықта үлкен сұранысқа ие.

Осы жәрмеңке барысында кәсіпорын 50-ден аса бос жұмыс орнын ұсынып, жұмыс іздеушілердің үлкен қызығушылығын тудырды.

Табысты мысал — 29 жастағы Дәурен Сәбитов. Ол жәрмеңкеге қатысқаннан кейін Ketuen Plus зауытының өндірістік бөлімінде жұмысқа орналасты. Бұрын жұмыссыз болған ол, бұл зауыттың жалақысы, жұмыс жағдайы және мамандарды кәсіби дамытуға бағытталған мүмкіндіктеріне таңғалғанын айтты.

«Мен зауыт өкілдерімен партия ұйымдастырған жәрмеңкеде таныстым. Олар өздерінің өндіріс процестері, ұсынатын мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат берді. Қазір өндіріс орнында техникалық маман ретінде қызмет атқарып жүрмін. Жұмысым ұнайды әрі осында осы мүмкіндіктері бар екенін сеземін», — деді Дәурен Сәбитов.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалы мен «Жастар Рухы» жастар қанаты жұмысқа орналастыру мақсатында мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтіп, НЕЕТ санатындағы жастарды оқыту және жұмыспен қамту үшін арнайы семинарлар ұйымдастыруда. Сондай-ақ жыл сайын 350 жеңілдетілген кредит беру және кәсіпорындарда 5 мың жас үшін ашық есік күндерін өткізу жоспарланған. Бұл шаралар жастар жұмыссыздығын 3,5%-дан 2,9%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.



ҚАРЖЫ ҚЫЛМЫСТАРЫНА ЖАЗА ҚАТАҢДАЙДЫ



Қаржы қылмыстарымен және онлайн алаяқтықпен күрес, ауыл тұрғындарының өсірген көкөніс өнімдерін сақтау және тасымалдау жүйесін құру қажеттілігі, заңнаманы жетілдіру және жер қатынастарын реттеу мәселелері «AMANAT» партиясының республикалық қоғамдық қабылдау алаңында өткізілген қабылдау барысында қозғалды. Қабылдауды партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиев жүргізді.

Қоғамдық қабылдауға қатысушылар тарапынан қаржы қылмыстары мен онлайн алаяқтықпен күрес тиімділігін арттыруға көмектесетін Қылмыстық кодекстің 190-бабына өзгерістер енгізу ұсынылды. Мұндағы басты себеп — алаяқтар ұсталған жағдайда да қылмыскерлердің әрекеттерінен келтірілген шығынды өтеудегі қиындықтар. Өйткені оларда тәркілеуге болатын мүлік болмайды. Ал аударымдар немесе мүлік рәсімделген адамдарға қатысты жауапкершілік күшейсе, алаяқтық схемаларды бұзу жеңілдей түспек.

Сонымен қатар жиынға қатысқан қоғам белсенділері басқа да бастамаларды, атап айтқанда, ипотекалық несиелер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) 8%-ға дейін төмендету, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру талаптарын қайта қарау қажеттілігін ұсынды.

Өз кезегінде Эльдар Жұмағазиев басқа да өтініштерді тыңдады. Мәселен, астаналық бизнес-кеңесші Нұрқасым Әбуев фермерлер үшін кепілді өткізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін жана піскен өнімдерді (жеміс-жидек, көкөніс және көк шөптер) сақтау және сатуға арналған көтерме-тарату орталықтарының желісін құру жобасын таныстырды.

Павлодар облысы Успен ауданының несиелік серіктестік басшысы Ғәділ Нәукенов ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімін жалдау мерзімін ұзарту құқығын беру мәселесін көтерді. Бұл ұзақмерзімді банктік несиелер алуға мүмкіндік беретіндей болуы керек, себебі қазіргі ахуал ауыл шаруашылығы өндірушілерін қиын жағдайға қалдырып отыр. Батыс Қазақстан облысы Қоскөл ауылының фермері Думан Ерғожин өзі мүше болған кооператив жойылғаннан кейін субсидиялардан айырылғанын айтты. Жетісу облысы Сырымбет ауылының тұрғыны Асқар Айдахан «Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат төлеу рәсімін жеделдетуді сұрады.

Партия Хатшысы Эльдар Жұмағазиевтің айтуынша, фракция кредиттеу кезіндегі тәуекелдерді азайту және қарыз алушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заң жобасын әзірлеп жатыр. Алаяқтық үшін жауапкершілікті күшейту бойынша заңнамалық бастамалар депутаттар, сарапшылар және құқық қорғау органдарының қатысуымен талқыланатын болады.

Ауыл тұрғындары өсіретін бақша дақылдарын кепілдендірілген сатылым бойынша ұсынысқа қатысты партия Хатшысы бұл тәсілдің назар аударуға лайық екенін айтты.

«Партия «Ауыл аманаты» жобасын іске асырып жатыр, ол ауыл тұрғындарының табысын арттыруға бағытталған. Енді «егіс даласынан — дүкен сөресіне дейін» тізбегін жолға қойып, шағын шаруашылықтардың өз өнімдерін кепілді түрде өткізуге мүмкіндік жасауы қажет», — деп түсіндірді Эльдар Жұмағазиев.

Жер телімін жалдау мерзімін ұзарту, «Ауыл аманаты» жобасы аясында несиелер алу, кооператив жойылғаннан кейін субсидия алу мәселелері құзырлы мемлекеттік органдар мен сарапшылардың қатысуымен қаралатын болады.

Айта кетейік, республика бойынша партияның 226 қоғамдық қабылдау бөлмесі жұмыс істейді, оның ішінде 1 республикалық, 20 өңірлік және 205 аумақтық. Биыл қоғамдық қабылдауға 110 мыңнан астам адам жүгініп, 25 мыңға жуық қабылдау өткізілді. Барлық өтініштің 60%-ы оң шешімін тапты.

Еске сала кетейік, «AMANAT»-тың кезектен тыс XXII съезінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев партия жұмысын қайта құруды тапсырды. Президенттің айтуынша, партияның қоғамдық қабылдау бөлмелері азаматтар үшін тек шағымдармен емес, елді дамытуға арналған нақты идеялармен келетін орынға айналуы керек.

106 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында Қызылорда облысы Қармақшы ауданында 106 пәтерлік 53 тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді. Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев баспана иелерін құттықтап, өңірде осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Тәуелсіздік күні қарсаңында ұйымдастырылған салтанатты іс-шараға сала басшылары, қоғам қайраткерлері мен аудан тұрғындары қатысты.



«Қызылорда облысында Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасы аясында тұрғын үй құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Баспанамен қамту мәселесі кезең-кезеңімен шешімін табуда. Биыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 39 млрд 100 млн теңге қарастырылып, жыл қорытындысымен 2 500-ден астам пәтер беріледі. Ұлттық жоба аясында 1 154 пәтерлік 21 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Әлеуметтік жағынан осал топтар үшін 1819 пәтер, апатты үйлер орнына 135 пәтер сатып алу жоспарланып, бүгінде 1 114-і сатып алынды. Кейінгі екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапты», — деді облыс әкімі.

Оның айтуынша, аймақта тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті. Бұл көрсеткіш 2022 жылы 683 мың шаршы метр болса, биыл жыл соңына дейін 864 мың шаршы метрге ұлғаймақ. Қармақшы ауданында тұрғындарды баспанамен қамту бағытында

нәтижелі жұмыс жүргізілуде. Былтыр аудан бюджеті 13 млрд 353 млн теңге болса, биыл 17 млрд 825 млн теңгеге жетіп, 25 пайыз өсім тіркелді. Бұл қаржы аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін шешуге бағытталуда. Биыл 2 млрд 100 млн теңгеден астам қаржыға автомобиль жолдары жөндеуден өтті.

«Жосалы кентіндегі теміржол үстінен өтетін аспалы көпір құрылысын бастауға мемлекеттік сатып алу жүргізілуде. Партияның сайлауалды бағдарламасы аясында тұрғындарды газбен қамтуға ерекше мән беріп келеміз. Жосалы, Төреғам кенттері мен Ақай ауылдық округі «көгілдір отынға» қосылды. Бүгінде аудан халқының 77,5 пайызы табиғи газ қолдануда. Аудан орталығындағы «Тәуелсіздік» ықшамауданы ордаландырылып, Дүр Онғар ауылдық округінде жұмыс басталды. Елді мекендерді сапалы ауысумен қамту жұмысы аясында былтыр Көкекбаев, Алдашбай ахун, Қармақшы елді мекендерінде 3 жоба жүзеге асса, биыл Байқоңыр қаласында 1 жоба қолға алынды», — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

12 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Күйдіргінің таралуы ел күйнетіндей әрі үрейленетіндей ауқымға жетті. Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің дерегіне, 2021–2023 жылдары сибір жарасын жұқтырудың 18 дерегі тіркеліпті. 2021 жылы – 6, 2022 жылы – 4, 2023 – 8. Ал 2024 жылы 19 дерегі анықталды! Яғни, 1 ғана жылдың көрсеткіші үш жылды қоса алғандағыдан асып түсті. Бұған не себеп? Отандық ғалымдар індет ошағы болған қорымдарды зарарсыздандырып, түпкілікті арылуды ұсынып еді, бұл идея неге ілгері баспады?



А Айхан ШӘРІП

АТЫРАУДА АХУАЛ АЛАНДАТАДЫ

Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі биылғы он айдың қорытындысында Қазақстанда күйдіргіге душар болудың 17 дерегі өшкереленгені жариялаған болатын. Содан бері елде кем дегенде тағы 2 дерегі анықталды. Екеуі де Атырау облысында.

Адамдар бұл індетті үй жануарларынан, ауру малдың шикі етінен және топырақтан жұқтырады. Ведомство мамандарының түсіндіруінше, күйдіргі немесе сибір жарасы – адамның, ауыл шаруашылығы және жабайы жануарлардың ағзасына еркін кіріп алатын аса қауіпті инфекциялық ауру. Уақытылы емдесе, дерті тез мендеп, өлімге соқтыруы мүмкін. Оның қоздырғышы – «Сибір жарасы микробы» топырақта ұзақ жылдар бойы сақталады.

Оның теріні, өкпені және ішек-қарын жүйесін зақымдайтын түрлері болатындықтан, симптомдары да әртүрлі, оларды шағын мақалада үзіп-жүлп келтіре салу адамдарға теріс түсінік берумен тең болар еді. Денсаулығын Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының мамандары індеттен сақтану үшін азаматтарға ет пен ет өнімдерін санитарлық-ветеринарлық бақылау жоқ, белгіленбеген жерде сауда жасайтын адамдардан сатып алмауға кеңес береді.

Мамандардың айтуынша, қорасында мал ұстайтын ауылдықтар жеке гигиена шараларын сақтауы, төрт үлгіін вакцинациялауы, ауру немесе өліп қалған жануарды ветеринардың қолдануынсыз, өз бетінше соймауы қажет. Етті кем дегенде 70°C температурада ұзағырақ пісіру, жартылай шикі күйінде жемеу керектігі айтылды. Шикі етті кесіп, тұраған соң қолды, пышақты, өзгесін мұқият жуған маңызды.

Дәрігерлер сибір жарасының адамнан адамға берілмейтінін, тек малдан не оның өнімдерінен жұғатынын ескертті. Базардан ет алғанда өнімнің қауіпсіздігін растайтын ветеринарлық қорытындыны талап еткен жөн. Денсаулығын мал шаруашылығы шикізатын сатумен, өңдеумен, тасумен айналысатын жұмысшыларды жеке гигиенаны, профилактика шараларын



сақтауға шақырды. Себебі күйдіргі базарлардан табылды.

Өткен апта соңында сибір жарасының таралу қатеріне бола, Атырауда базар жабылды. Өңірлік Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің хабарлауынша, мамандар сауда орындарын қайталама тексеру кезінде індет нышандарын тапты. Экспресс-тест эпидемиологтардың қауіпін растады.

— Дезинфекциялық іс-шаралар жүргізу үшін базар жабылды. Осының алдында департамент мамандары қалада ет сатумен айналысатын 65-тен астам сауда орнын тексеріп, 700-ден астам сынама алған еді. Оның бәрі теріс нәтиже көрсеткен. Бірақ қайталама тексеру кезінде қосымша үлгілер алынды, олар Ұлттық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығында тексеруден өтіп жатыр, — деді департамент мамандары.

Ақпарат құралдары сибір жарасының микробтары Атыраудағы «Дина» орталық базарынан табылғанын жазды. Департамент өкілдері ауру қоздырғыштары пышақтан алынған сынамадан анықталғанын нақтылады. Ет пайланып, дезинфекциялау шаралары жүргізілген. Онда жұмыс істеген дара кәсіпкерлердің, саудагерлердің тізімі түзілді. Олар 14 күн бойы медициналық бақылауда болады.

Еске сала кетсек, Аikyn газеті қараша айының басында Атыраудағы «Асыл Агро» базарының мал сою цехының жұмысшысынан күйдіргінің тері формасы табылғанын бұған дейін жазды («Күйдіргі күйдіріп барады»). Ай соңында оның тағы бір әріптесі дәрігерге жүгінген.

АЛМАТЫ ЖАҚТА АРНАЙЫ ТОП ҚҰРЫЛДЫ

Індеттің аққұла биыл канат жаюы Үкіметті де аландатып отыр. Ахуалды талқылауға арналған алғашқы жабық отырыс 2024 жылғы 13 қыркүйекте өткен болатын. Хаттамадан белгілі болғандай, онда жауапты органдарға және өкімдерге «сибір жарасының туындауы мен таралуына жол бермеу үшін жүйелі шаралар қабылдау, уәкілетті мемлекеттік органдарға сибір жарасы көмілген жерлер мен мал қорымдарының тізімдерін жаңартып, оларға ревизия жүргізу жөніндегі өңірлік комиссиялар құру» туралы тапсырмалар берілді. Қазір құрамына мүдделі ведомстволардың

мамандары кірген тиісті комиссия осы жүктелген жұмыстарды жүргізіп жатыр.

Жергілікті тұрғындардың шағымдарынан белгілі болғандай, Алматы облысының Іле ауданында орналасқан Қараой және Н.Тілендиев ауылдарында жұртшылыққа үй салуға, егін салып, жер пайдалануға рұқсат етілген аумақтардан сибір жарасына шалдыққан жануарларды көму орындары табылған. Тұрғындар ол жерлерге үй салып үлгеріпті, енді құжаттарын рәсімдеу ғана қалғанда, жер учаскелерінің пайдалануға беруге жатпайтыны өшкереленіп, халық ұлардай шулап қалды.

Депутаттар Қазақстан бойынша мұндай жағдайдың көп кездесетінін айтады. Неге өкімқаралар жер учаске-



Дәрігерлер сибір жарасының адамнан адамға берілмейтінін, тек малдан не оның өнімдерінен жұғатынын ескертті. Базардан ет алғанда өнімнің қауіпсіздігін растайтын ветеринарлық қорытындыны талап еткен жөн. Денсаулығын мал шаруашылығы шикізатын сатумен, өңдеумен, тасумен айналысатын жұмысшыларды жеке гигиенаны, профилактика шараларын сақтауға шақырды. Себебі күйдіргі базарлардан табылды.

лерін таратқанда алдын ала зерттеулер жүргізбеген деген сауал туындайды. Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №ҚР ДСМ-114 бұйрығына сәйкес, күйдіргі ошақтарының санитариялық-қорғаныш аймағындағы жер учаскелерін агрометеорологиялық, барлау, гидромелиоративтік, құрылыс жұмыстарын жүргізуге бөлуге, сондай-ақ жалға беруге, жекеменшікке сатуға тыйым салынған.

Ресми дерек бойынша, Қазақстан территориясында халықтың денсаулығы мен ұлттық қауіпсіздікке үлкен қауіп-қатер төндіретін сибір жарасы көмілген ошақ-орындарының саны — 2 162. Оның басым бөлігі елді мекендерде орналасқан екен. Осындай қауіпті қорымдардың бірі Алматының Медеу ауданында тұр. Түркістан қаласында, сондай-ақ Ақтөбедегі «Нұр Ақтөбе» шағынауданында жаңа мектепке жақын орналасқан қорымдар жергілікті жұртшылықтың жүрегің суылдатады.

Мәжіліс депутаттары Қосшыдағы сондай қорым су қоймасына жақын орналасқандықтан, судың ластануы қауіпін төндіріп тұр дейді. Зайсан әуесжайы осылай ластанған аумақтарға жақын болғандықтан, онда заманауи ұшақтар қона алуы үшін ұшу-қону жолағын ұзарту мүмкін болмапты. Рес-

публика бойынша ауылдардың әрқайсысында дерлік осындай қорымдар, індет ошақтары бар.

Сарапшылар олардың бәрін бірдей орналасқан жері, схемасы картаға түсірілмеген деген қорқынышты болжам айтады. Елімізде сибір жарасы бойынша кадастрдағы деректердің дәлдігі күмән тудыратын көрінеді. Қазір қолданылатын ғылыми кадастрларды тиісті министрлік бекітпегендіктен жергілікті әкімдіктер жер телімдерін беру кезінде бұл құжатқа ресми түрде сүйене алмайтын көрінеді.

Алматы өңіріндегі қос ауылдан шыққан дау-жанжалдың дүмпуі жоғарыға жетті. Содан Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевтің 2024 жылғы 4 қазандағы №58-өң/қ өкімімен, жұмыс тобы құрылды. Оған кеңес заманынан бері сибір жарасына шалдыққан малдардың өлекселері көмілген жерлердің координаттарын нақтылау, оларды ветеринариялық-санитариялық қағидалардың талаптарына әйкес келтіру және санитариялық-қорғау аймағына кіретін жер учаскелеріне қатысты тиісті жұмыстарды жүзеге асыру тапсырылды. Топ жыл соңына дейін осы бағыттағы жұмысын жалғастыратыны айтылды.

Кадастрға сәйкес, Алматы облысының Қараой ауылында сибір жарасы бойынша бір ғана стационарлық пункт тіркеліпті. Онда 1959 жылы өлген жалғыз ірі қара мал көмілген екен. Н.Тілендиев (Шелек кемер) ауылында індет ошақтарының саны 3-еу: оларда 1968, 1969, 1970-жылдары қырылған сиырлардың өлексе-сүйектері жатыр.

Үкімет өкілдері сарапшылардың «ғылыми кадастрларды тиісті министрлік бекітпеген» деген ақпаратты растамады. Сибір жарасы көмілген жерлердің координаттары, індеттің эпизоотиялық, эпидемиологиялық ошақтары туралы мәліметтер Денсаулық сақтау министрлігінің 2003 жылғы 5 қантардағы және Ауыл шаруашылығы министрлігінің сол жылғы 31 қантардағы бұйрықтарымен бекітілген «1948-2002-жылдары

мен халық денсаулығына үлкен пайда әкеле алады. Инфекцияның таралу қауіпін едәуір төмендетеді. Алайда оның тиімділігін тәжірибеде көрсету үшін далалық сынақтар жүргізу қажет, — деді Ержан Алмабекулы.

Оның айтуынша, күйдіргі ошақтарынан «арылуға» мүмкіндік болуы үшін мемлекет ғылыми-зерттеу жұмыстарына қолдау көрсетуге тиіс. Ғалымдар парламентшілерден сибір жарасы ошақтарының санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын қалыптастыру үшін практикалық шараларды іске асыруға жәрдемдесуді сұрапты.

Сондықтан Мәжілістің бір топ депутаты сибір жарасының ошақтарын залалсыздандыруға арналған отандық «ВА-12» препараттарына қатысты әзірлемелер мен зерттеулерді қолдауды және қаржыландыруды арттыруды сұрап, Үкіметке жүгінді. Олардың пікірінше, бұл препаратты тиімді пайдалану тәуекелдерді айтарлықтай азайтады және зардап шеккен аймақтарда қауіпсіздікті қамтамасыз етеді.

Алайда ғалымдар мен депутаттардың бастамасы Үкіметте қолдау таппағаны енді белгілі болып отыр. Министрлер кабинеті ол ұсынысты қарады. Неге құптамады? Оның мәнісін Мәжіліске Үкімет басшысы Олжас Бектеновтың өзі түсіндіріп берді.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің дерегіне, «ВА-12» дезинфекциялау құралы ветеринариялық-санитариялық қадағалау объектілері мен топырақты профилактикалық және мөжірлі дезинфекциялауға арналған. Ол шынында да АШМ-нің Ветеринариялық препараттар мен жемішөп қоспаларының мемлекеттік тізімінде тіркелген.

Үкімет сарапшы деп тартқан зерттеушілерді шошынтып қана қоймай, «ВА-12» дезинфекциялау құралының құрамына эмбебап антисептик және тиімді илік зат саналатын «глутар альдегиді» (кем дегенде 10%) кіреді. Балама атауы — пентагидрид. Ол медицина, ветеринария, мал шаруашылығы, клининг, тері-былғары мен тоқыма өнеркәсібінде қолданылады.

— Бұл ретте глутар альдегиді әсері өте күшті ақуыз денатурааторы ретінде тірі материямен әрекеттеседі. Препарат медициналық практикада және санитарияда жетекші рөлге ие болмады, себебі оның адам мен жануарлардың шырышты қабаты мен жоғарғы тыныс алу жолдарына қатты тітіркендіргіш әсері бар. Аллергендік қасиеті де жоғары. Оның салдары экзема, нейродермиттер түрінде көрінеді, — деді О.Бектенов.

Осы уды бүкіл Қазақстан территориясына шашып қалса, ертен халық денсаулығынан «сау-тамтық» қалмауы мүмкін. Содан Үкімет тізгін тартып отыр. Пандемия кезінде бірқатар көшеге қолмен у шашып, дезинфекциялау жүргізілгенде соның өзі елдің үрейін ұшырғаны мәлім.

Премьердің мәліметінше, химиялық өнімнің қауіпсіздік паспортына сәйкес, келесі жайттар анықталды: өңірлерді «ВА-12» дезинфекциялау құралымен жаппай өндесе, біріншіден, жұртшылықтың глутар альдегидін деммен жұту қауіпі бар. Бұл зат небәрі +20°C температурада буланған кезде ауаның ластануының қауіпті деңгейіне тез жетеді.

Екіншіден, ұзақ жыл бойы және қайталай әрекет ету әсеріне ие. Салдарынан, жергілікті тұрғындардың қайта-қайта немесе ұзақ уақыт бойы тыныстауы олардың арасында демікпе мен дерматиттің кең таралуына соқтырады.

Үшіншіден, бұл зат — қатерлі ісікке соқтыра алатын канцероген: ұзақ уақыт әсер еткенде ықтимал канцерогендігі туралы ақпарат бар. Төртіншіден, қоршаған ортаға залалды қажетті. Зат, әсіресе суда өмір сүретін организмдер, балықтар, басқасы үшін өте улы, қауіпті.

Бесіншіден, елде кейінгі жылдары дала, орман өрттері жиіледі, бұл зат өрт кезінде тітіркендіргіш немесе ұятытқы бу (газ) шығарады. Алтыншыдан, глутар альдегидінің өзге де экологиялық тәуекелдері жоғары. Оны қолданудың негізгі қауіптерінің бірі — оның ағынды су арқылы су объектілеріне сіңу қабілеті. Бұл зат табиғи жағдайда нашар ыдырайды. Мұнысы су экожүйесіне жойқын әсер етіп, өзендерде, көлдерде, Каспий теңізінде улы концентрациялардың жиналуына соқтыруы мүмкін.

Жетіншіден, Қазақстан соның көмегімен сибір жарасы ошақтарынан құтыламын десе, Ұлы даладағы биоарландықты құртып тынуы мүмкін. Өйткені қоршаған ортаға түскенде глутар альдегиді коректік тізбектің негізі саналатын барлық микроорганизмді өлтіреді. Бұл биоарландықтың төмендеуіне әкеліп, бүкіл экожүйеге теріс әсер етпек.

Халықаралық тәжірибеде глутар альдегиді әдетте медициналық аспаптарды дезинфекциялау үшін 2-3% концентрацияда ғана қолданылады. Ал «ВА-12» дезинфекциялау құралында оның шоғырлануы — кем дегенде 10%!

Премьер Олжас Бектеновтің айтуынша, глутар альдегидінің халыққа, қоршаған ортаға зиянын, уыттылығын, тератогенділігін және канцерогенділігін ескеріп, әсіресе елді мекендер аумағындағы сибір жарасы ошақтарын онымен өңдеуден бас тартылды. Ендіше күйдіргіні жұқтырмау үшін халықтың әрі қарай да дәстүрлі алдын алу шараларын қолдануы маңызды.



ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ БАЛАБАҚШАДАН БАСТАЛАДЫ

Елімізде банкте несиесі бар азаматтардың саны 8,5 миллионға жетті. Ұлттық банктің мәліметінше, биыл қазақстандықтардың несиесі сомасы 12 триллион 600 миллиард теңгеге теңескен. Мамандар есепсіз несиенің алынуына негізгі себеп – қаржылай сауаттың болмауы деп отыр. Қарыздың көбеюіне себеп анықтап, салдарымен күресу мақсатында «AMANAT» партиясы былтыр «Қарызсыз қоғам» жобасын іске қосты. Бұл бастама нәтижесін берді ме? Қарыз қамтынан құтыла алмай жүрген кімдер? Осы мәселе төңірегінде «AMANAT» партиясы «Қарызсыз қоғам» жобасының Атырау облысы бойынша менторы Ақан Қайырғалиевпен тілдестік.

– Статистика 8,5 миллионнан астам азаматтың несиесі өмір сүріп жатқанын көрсетті. Кредитке тәуелділік неден пайда болды?

– Елімізде 20 миллионнан астам халық тұрады. Оның 10 миллионы – экономикалық белсенді азаматтар. Соңғы ресми деректерде, елімізде қазір 8,5 миллион адамның қарызы бар екені айтылды және олардың арасында студенттер мен зейнеткерлер бар. Бұған қоса, триллиондаған қарыздың 65 пайызы – кепілсіз несиесі. Мұның себебі неде? «AMANAT» партиясы жүзеге асырып жатқан «Қарызсыз қоғам» пилоттық жобасының аясында осы мәселені зерттеп бастадық. Қызылды жасылды жарнамаға тәуелді қазіргі қоғамда адамдарға тән жаман әдет бар – біз бәрін бірден сатып алуды қалап тұрамыз. Көзсіз кредитке кіре берімізге осы әдетіміз әсер етпей қоймайды. Әлеуметтік желідегі бәзбіреудің өмірін сүруге ұмтылатындар, әсіресе жастар көбейді. Талай жағдайға куә болдық, студенттер ата-анасынан жасырып микроқаржы ұйымдарынан қарыз алады. Табысы болмаған соң, онысын

– «Қарызсыз қоғам» жобасының қорытындысы туралы не айтар едіңіз?

– «AMANAT» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы Қазақстан бойынша 8 облыста жүзеге асырылды. Оның ішінде, Атырау облысы да бар. «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында Атырау облысында 6 000-ға жуық адам оқытылды. Жоба аясында адам қаржылай сауатты болып шығады. Оның ішінде, несиесі, депозит, ақша жинаудың әдістері, алаяқтарға алданбау, қосымша табыс, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу арқылы қаржылық жағдайды жақсарту, бизнес план жасау, грант мәселелері толықтай қаралады. Оқуды аяқтап, сертификат алғаннан кейін қатысушы заңгер көмегіне жүгінеді. Оның аясында, шоты банк тарапынан бұғатталғандар, ай сайын төлейтін несиесі суммасын азайтқысы келетіндер заңгердің тегін кеңесін алып, әрі қарай қаржылық жағдайын жақсартуға жұмыстана алады. Қазақстан бойынша қазір 1,5 миллион адам несиесін төлей алмай жатыр. «Қарызсыз қоғам» – оларды қарыз шұңқырынан шығаруға көмектесетін жоба деуге болады. Атырау облысы бойынша биыл жылжымайтын мүлігі

Қаржылық сауат – мүлдем несиесі жоқ адам деген сөз емес. Несиені екі жағдайда – бизнесті дамытуға және білімді кеңейтуге алуға болады. Өйткені кәсіп те, білім де адамның өзін дамытуға салған инвестиция.

төлей алмайды, ал ата-анасы баласының қарызын коллекторлар хабарласқан кезде ғана біліп жатады. Зерттей келе, әлгі студенттің кофеханада кофе ішіп, әлеуметтік желіге әдемі сурет жүктеу үшін қарыз алғанын біліп жатамыз. Бұл, әрине жақсы құбылыс емес. Сондықтан қаржылық сауат мәселесі балабақшадан бастап үйретілуі керек.

– Қарызға батып жүргендердің арасында әйелдердің үлесі қандай? Әйелдер көп қарыз алады деген түсінік шындыққа жанаспа ма?

– Қаржылық сауат – мүлдем несиесі жоқ адам деген сөз емес. Несиені екі жағдайда – бизнесті дамытуға және білімді кеңейтуге алуға болады. Өйткені кәсіп те, білім де адамның өзін дамытуға салған инвестиция. Бірақ білімнің соңынан қуып, есепсіз қарызға кіріп кеткендер де көп. Әсіресе, әйел заты түрлі психологиялық, мотивациялық және басқа да курстар сатып алып, қарызға батып кетеді. Адам өзінің қаржылық жағдайына қарай білім алуы және оны пайдала асыра білуі керек.

Жалпы, қарыз алуға «ынта» барлығы эмоцияның қажеттілігін өтеуден туып отыр. Ересек адамдар жақсы біледі, 90-жылдары еліміз нарықтық экономикаға көшкен кезде дүкендерде сөрелер бос тұрды. Қазір жарнама, маркетинг саласы жақсы дамыған. Банк қосымшаларының да кері әсері тиіп жатады. Өйткені ақшаны қолға ұстамаған соң, кейде қалай жұмсап жібергенінді білмей қаласын.

бұғатталған 200 адамға көмек көрсетілді. Яғни, олардың мүлігі бұғаттаудан шығарылды. Сондай ақ есепшоттары бұғатталып, табысының 50 пайызын банктер ұстап отырған 228 адамға көмек көрсетілді, 34 адамға банкроттық жариялау бойынша көмек берілді. Олардың банк алдындағы жалпы берешегі 70 миллион теңгеден асады. Десе де, байқағанымыз, халыққа әлі де болса «Қарызсыз қоғам» туралы ақпарат жетпей жатыр. Әсіресе, ауылды жерлердің тұрғындары мұны бір реттік жиын деп ойлайды. Кейін тренингтен өткеннен кейін бір-бірін шақырып жатады.

Несиесі – есебін білетін адамға өте жақсы құрал. Сондықтан мүлде несиесі алмаңдар деп үгіттеуге болмайды. Бір кездері өзіміз де басымда кредитім болды. Қарызымнан толық құтылуы мақсат етіп қойдым. Сөйттім де, қолыма артық ақша түссе болды, бірден несиемді жаба бастадым. Қазір банк қосымшаларын ашқанда рахаттанамын. Тап-таза тұрады. Бұл жерде айтқым келгені, қарыз адамды баса береді. Ал ақша жинау тәртіпті талап етеді. Сондықтан азаматтарға табысының 10 пайызын жинап отыруға кеңес беремін. Бұл әдет бірден оңай болмайды. Бірақ орындауға болады. Ақшаны табу өз алдына, одан азғантай ғана болса да сумманы жинақтай отырып көбейте білу маңызды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ӘСКЕРДЕН НЕГЕ ҚАШТЫҢ, БАЛА БАТЫР?

Қазір елімізде күзгі әскерге шақыру науқаны жүріп жатыр. Президент Жарлығына сәйкес, бұл желтоқсан айының аяғына дейін жалғасады. Бір өкініштісі, жастар әскери билетке ие болуға асықпай тұр. Басым бөлігі сол жердегі жағдайдан үрейленеді. Оның себебі әлеуметтік желіге әлсін-әлсін жарияланатын сарбаздар туралы жайсыз хабарлар болуы мүмкін бе?

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Бейбіт заманда әскердегі баласының табытын құшақтап қалуы кімді болмасын бейжай қалдырмайды. Интернетті кезген мына бір статистика да көңілге біткен жараның аузын тырнап тұр. Елімізде кейінгі үш жылда 270 әскери қызметкер қаза болған. Ал Бас әскери прокуратура кейінгі төрт жыл ішінде әскерде 90-ға жуық суицид фактісі тіркелгенін мәлімдеген.

Әскерде әлімжеттік бары белгілі. Мұны ешкім жоққа шығара қоймас. Сот шешімі шыққан бір істі мысал етейік. 29 қазанда ғана Жетісу облысы Сарыөзек аулындағы 29 108 әскери бөлімінде 19 жастағы сарбазды ұрып-соғып, өліміне себеп болған лейтенант «Билікті асыра пайдалану» бабымен 7 жылға сотталған-ды. Ал әскерге сау кетіп, төсекке танылған Ербаян Мұхтардың да оқиғасы ел есінде. Қиыны сол – оларды әскерге көшеден ұстап әкеткен. Қорғаныс министрлігінің таяудағы брифингінде бұл әдіс енді қолданылмайтынын мәлімдеген. Бірақ жергілікті военкоматтар әлі сол көшеден күштеп әкету әдісімен сарбаз жинауды тоқтатпай тұр.

Сонымен жастар әскерден неге қашады? Әлде, жастар әскери билетсіз де нан тауып жейміз, өлмейміз деген түсінікпен өмір сүре ме? Айтпақшы, иә, біздің елде әскери билетсіз де нан тауып жейсіз, тіпті өте жақсы қарьера да жасауға болады. Басқа саланы айтпаған күннің өзінде осы әскери сала, ішкі істер органдары, прокуратура секілді мүйізі қарағайдай мекемелердің өзіне жұмысқа тұру үшін әскери билеттің қажеті жоқ. Тіпті, нағыз қажет деп жатса 40 күндік әскери оқуды аяқтап, сол құжатты тапсыра салады. Осыдан келіп әскери билеттің құны көк тиын болып қалғандай... Жалпы, Қазақстанда әскери билеттің беделі қалды ма?

Сананы тұрмыс билейтін нарық заманында көп дүние нан табу мен жан бағудың ара жігін өлшенетіні ешкімге жасырын емес. Бұл – нарық заңы. Бірақ таразының екінші ұшында Отан деген қасиетті ұғым тұр. Бүгінгідей геосаяси жағдай тұрақсыз заманда осы Отанды кім қорғайды деген сұрақ шығады алдымыздан. Ал жастар болса әскерге барғылары келмейді. Сөзіміз дәлелсіз емес. БҚО-да 4 бірдей жігіт бір түнде казармадан қашып кеткен. Казарманың үшінші қабатына секіргелі жатқанда одеяло үзіліп кетіп, төртінші жігіт төменге құлаған. Қазір оның жағдайы өте ауыр. Омыртқасы жараланған. Дәрігерлер мүгедек болып қалуы мүмкін деп жатыр.

– 30 қараша күні түнгі ескіден кете төрт бала БҚО Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ішінде орналасқан әскери казармадан қашып шыққан. Казарманың үшінші қабатынан секіріп, қашпақшы болған төрт жігіттің бірі жерге құлап ауыр жарақат алды. Ол қазір облыстық ауруханада ем алып жатыр. Жігіттің қазіргі жағдайы нашар. Оның омыртқасы жараланған. Казармадан қашқан жігіттер үшінші қабаттан бірнеше төсенішті байлап төменге түскен. Олар терезені, терезеге қойылған торды бәрін сындырған, – деп атап өтті БҚО Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары Альберт Бекмұханов.

Казармадан қашып, ауыр денежаракатын алған С. есімді азамат – 19 жасар жігіт. Оған әскерге шақыру туралы хабар бірнеше мәрте жіберілген. Енді казармадан қашқаны үшін қылмыстық жауапкершілік пен қоса материалдық залал келтіргені үшін жауапкершілікке тартылады.

А. Бекмұхановтың айтуынша, казармадан қашқан төрт жігітке қатысты әскери қызметтен жалтару бабы бойынша қылмыстық іс қозғалатын болады. Казармадан қашып кеткен төрт жігіттің үшеуі өз еріктерімен кері оралыпты. Олардан түсініктеме алынып жатыр. Ал төртінші жігіт ауруханада жатыр. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің ішінде күзет қызметі бар, айнала толған



камера. Төрт жігіттің терезені сындырып, қашып жатқанын күзет қызметіндегілер неге көрмеген, неге тоқтатпаған деген заңды сұрақ туындайды.

– Казармадан қашқан жігіттерді жауапкершілікке тартамыз. Әскери полиция мен әскери прокуратура тергеуді бастады. Әскери қызметтен жалтару бабы бойынша іс қозғалды. Казарманың ішінде екі камера бар. Дәлізде де камера бар. Күзет қызметі бар. Олардың бәрінде рация бар. Енді сол күні түнде неге дереу анықтайтын болады. Біз өз кінәмізді жоққа шығармаймыз. Бірақ түнде не болғанын білмейміз, – деді А. Бекмұханов.

Алайда бізбен сөйлескен жараланған 19 жастағы жігіттің ағасы басқа жайтты



баяндады. Оның ағасы інісі әскерге шақырту туралы ешқандай хабарлама алмағанын мәлімдеді.

Оларды үшінші қабаттағы жатын бөлмеге орналастырған. Сол кезде бір бейтаныс жігіт бұларды казармадан қашуға үгіттеген. Ол өзін қаладағы атақты бір ресторатордың баласымен деп таныстырыпты.

«Ақшадан қысылмандар, айыппұлдарынды өзім төлеп беремін» деп азғырыпты. Менің інім мен оның достары сол жігіттің алдауына сеніп қашып шыққан. Кейін біз анықтадық. Ол ешқандай да байдың баласы болмай шықты. Бірінші болып сол бала өзі төменге түскен. Кейін қалған үш бала түседі. Соңғы болып менің інім түсіп келе жатқанда байланған жабындар үзіліп кетіп, төменге құлайды. Жігіттер бәрі қашпақшы болып дайындалғанда, менің інім орнынан тұра алмайтынын айтқан. Оны көтеріп тұрғызбақшы болады, бірақ ол тұра алмаған. Ол өзі үш жігітке сендер қаша беріңдер, маған жедел жәрдем шақырсаңдар болды депті. Кейін үш жігіт қашып кетеді. Ал терезеден қарап тұрған қалған жігіттер кезекшіні айқайлап шақырады. Ол өз орнында болмай шығады. Кейін бірден етіп кезекшіні тауып, жедел жәрдемді шақырған. Бірақ менің інім сыртта 1 сағаттай мұздап жатып қалған. Інімнің жараланғанын мен сол жедел жәрдемде істейтін танысымнан естідім. Інім қазір төсекке танылып жатыр, дәретке де шыға алмайды. Оған екі ота жасалады деп күтіліп отыр. Казармаға сау кірген баламыз ғой. Неге олар жастарды

дұрыстап күзетпейді, неге қарамаған?», – деп қынжылады Нұрхат Абулғазиев.

Ал сол күні түнде қашып шыққан жігіттердің бірі «мен әскерге барудан ешқашан бас тартқан емеспін» деп отыр. «Онда неге қаштың?» деген сұрағымызға «білмеймін, байқамай еріп кеттім» деп жауап берді.

– Біз үш доспыз. Үшеуіміз де әскерге барудан қашқан емеспіз. Бірақ жанымыздағы жігіттің алдауына сеніп қалдық. Неге еріп кеткенімді өзім де түсінбеймін. Біз үш дос бірге әскерге барайық деп келгенбіз. Бірге барып келетік деп шешім шығарған едік. Мен өзім 18-ге тек кеше маусым айында ғана толдым. Маған ешқандай әскерге шақырту келген емес. Мен сол қашқан күні қақпадан секіріп құлап қолымды сындырып алдым. Ал досымның жағдайы өте ауыр, – деп атап өтті Әли Бейбіт.

Бұл бір ғана факт. Ал әскерден қашып жүрген жастар қаншама.

Әскери міндетін орындаудан жастардың не себептен бас тартқаны әзірге белгісіз. Оны мамандар анықтай жатар. Ал біз өз кезегімізде БҚО бойынша әуе десантшылары бірлестігінің төрағасы Марлен Ғиылманұлы өңгімеге тартып көрдік. Марлен Ғиылманұлы бәрі тәрбиеден басталатынын айтты.

– Негізгі көп нәрсе отбасындағы тәрбиеден басталады. Бала шыр етіп дүниеге келгенде анасын көреді. Одан



кейін балабақша мен мектепте де әйелдердің саны басым. Ер адамның тәрбиесін көрмеген баладан не күтесіз? Бұл – бірінші проблема. Екінші проблема, қазір әскерді тозақтай етіп көрсету, жаман жағын ғана насихаттау үрдісі белен алып тұр. Әскерден қашудың басты себебі сонда. Жастар әлеуметтік желідегі ақпаратты сараламайды, жұта береді. Ал үйде «балам, дұрыс бол, азамат бол, берік бол» деп отырған әкесі бар ма? Міне, гәп осында. Үшіншіден, қазір әскери билеттің де құны қалмады. Әскерге барған бала да, бармаған бала да бірдей. Мен әскери билетті бір ай оқып алатындарды мүлде қолдамаймын. Бұл билетті сатып алу деген сөз. Бір айда не үйренеді? Не түсінеді? – дейді БҚО бойынша әуе десантшылары бірлестігінің төрағасы Марлен Ғиылманұлы.

Қазіргі әскери казармадан қашып шыққан төрт жігіттің бірі әскерге жіберілді. Ал қалған үшеуі елде. Бірінің жағдайы ауыр, дәрігерлер алда күрделі екі ота жасаймыз деп отыр.

12 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ

Тілегүл
ЕСДӘУЛЕТ

Аудан әкімдігі қалалық Полиция департаментімен бірлесіп, «Нұра» ауданындағы ірі тұрғын үй кешендерінде орналасқан кәсіпкерлік нысандарын тексерді. Рейд қорытындысына сәйкес, насыбай мен снюс сататын 3 дүкен анықталды. Полиция қызметкерлері жалпы сомасы 25 мың теңгеге шамамен 40 қорап насыбай мен 20 снюс тәркіледі. Дүкен иелері әкімшілік жазаға тартылып, әрқайсысына ӘҚБТК-нің 196-бабы бойынша 92 300 теңге (25 АЕК) көлемінде айыппұл салынды.

«Біз жаман әдеттердің алдын алу қағидаттарын ұстана отырып, жастардың осы өнімге қолжетімділігін шектеуге тырысамыз. Бұзушылықтар үшін қатаң жауапкершілік шаралары, соның ішінде ірі айыппұлдар қарастырылған. Кәсіпкерлердің есіне салғым келеді: вейп, насыбай және снюс сатуға тыйым салынған ережелерді сақтау — бұл заңның талабы ғана емес, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершілік. «Нұра» ауданында мұндай мониторинг үнемі жүргізіліп тұрады. Жыл басынан бері 230-ға жуық дүкен тексерілді. Біз бұл жұмысты әрі қарай да жалғастырамыз», — деп атап өтті «Нұра» ауданы әкімі аппаратының кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Батырхан Жанпейісов.

Маманның айтуынша, мұндай заңбұзушылықтарды анықтау бойынша жүргізілетін рейдтер жастар арасында жаман әдеттердің алдын алуға және кәсіпкерлердің заңнаманы сақтауы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Тексеріс барысында дүкен сатушыларына профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, былтыр 2023-2025 жылдарға арналған Есірткінің заңсыз айналымы мен нашакорлыққа қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп, Үкіметтің қаулысымен бекітілген-ді. Бұл кешенді жоспардың негізгі мақсаты — қоғам үшін аса қауіпті, әсіресе синтетикалық препараттардың таралуының жолын кесу, олардың қолжетімділігін төмендету, нашакорлықты ерте анықтау жүйесін енгізу, есірткі қолданатын адамдардың шынайы және нақты есебін қалыптастыру, уәкілетті органның құзыреті мен мәртебесін арттыру, материалдық-техникалық жағдайды нығайту. ИМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаментінің өкілі Бақыт-

рейдтер тұрақты негізде жүргізіледі. Уәкілетті органдар әкімдікпен бірлесіп, әсіресе жастар арасында есірткі қылмысына қарсы түрлі шара белсенді жүзеге асырылып келеді. Сонымен қатар «Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспары» аясында да нәтижелі жұмыс атқарылып жатыр. Быыл уәкілетті органдар жыл басынан бері қалада 400-ден астам есірткі қылмысын тіркеген.

Астана қаласы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі Әлия Қибатқызының айтуынша, 2024 жылдың 11 айында Астанада 407 есірткі қылмысы тіркеліп, соның ішінде 285 өткізу фактісі, сондай-ақ есірткінің синтетикалық түрлерімен байланысты 621 есірткі құқықбұзушылық анықталған. Заңсыз айналымнан 339 келі есірткі заттары, соның ішінде 20,8 келі «синтетика» тәркіленген.

— Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспары және мемлекеттік органдар мен жұртшылық барынша тартылған «Астана — есірткісіз қала 2023-2025 жылдарға арналған» бағдарламасы іске асырылуда. Оның аясында уәкілетті органдармен нашакорлықтың алдын алуға және есірткінің заңсыз айналымы саласындағы қылмыстарды анықтауға бағытталған бірқатар іс-шара жүргізілуде, — дейді Әлия Қибатқызы.

Тұрақты түрде мемлекеттік органдармен және ҰЕҰ-мен бірлесіп Құқық қорғау органдары 11 айда 496 алдын алу іс-шараларын, соның ішінде акциялар, семинарлар, дәрістер, дөңгелек үстелдер, кездесулер, спорттық турнирлер, кон-курстар өткізді. Мәселен, «Астана —



жан Әмірхановтың айтуынша, жоспардың әрбір тармағын іске асыру бойынша қадамдық іс-қимыл алгоритмі жұмыс істейді.

«Мемлекеттің есірткіге қарсы саясатының өзектілігін атап өтіп, ел Президенті нақты бағыттарды белгілеп, жоспарды іске асыру бойынша міндеттерді алға қойды. Оны ИМ-нің ведомстволық деңгейде сапалы және тиімді іске асыру мақсатында әрбір іс-шараны орындау барысы ішкі бұйрықпен бекітілді. Бұл жұмысты үйлестіруді біз, Министрліктің салалық департаменті жүзеге асырады. Жоспардың әрбір тармағын іске асыру бойынша қадамдық іс-қимыл алгоритмін әзірледік. Жоспар 7 бөлімнен, 77 тармақтан тұрады. Мұндай шешімдер оның орнында динамикасын апта сайын әр сегментте бақылап, іс-әрекеттерімізді түзету бойынша қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді», — деп атап өткен еді Бақытжан Әмірханов.

ЕСІРТКІ ЖАРНАМАСЫ — НАШАКОРЛЫҚ ҚАҚПАНЫ

Елордада 2023-2025 жылдарға арналған Есірткінің заңсыз айналымы мен нашакорлыққа қарсы күрес бағдарламасы және «Астана — есірткісіз қала» жобасы аясында қаланың барлық ауданында нашакорлық, есірткі саудасына және психотропты заттардың заңсыз саудасына қарсы

есірткісіз қала» жобасы аясында жақында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттерімен кездесу ұйымдастырылды. Жастар арасында есірткіге қарсы күрес пен оның зиянды салдарын түсіндіруге бағытталған жиында 280 студент қатысты.

Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы, қалалық Полиция департаментінің Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасы, Прокуратура және «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» жастар қоғамдық бірлестігінің бастамасымен бірлесіп ұйымдастырылған іс-шара барысында студенттерге есірткі және есірткі қылмысы туралы ақпарат берілді. Жиында есірткі заттарының болашақ өмірге келтіретін зияны, теріс әдеттерден аулақ болу, салауатты өмір салтын ұстану мәселелері сөз болды.

Мамандардың айтуынша, жалпы есірткі таратуға көбінесе жасөспірімдер тартылады. Себебі өзгелерге қарағанда ықпал етуші топтардың әрекеті оларға жылдам әсер етеді. Жасөспірімдер көбіне «ертегідей өмір сыйлаймын», «қаржылық жағдайың жақсарды» деген сияқты уәдеге тез алданады. Сондықтан жастарды психотропты заттарға әуес болуының алдын алу үшін, оларды үнемі ақпараттандырып, сақтық шараларын ұстану жолдарын үйреткен абзал. Кездесу барысында Сарыарқа ауданы прокуратурасының бөлім про-

НАШАКОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ



Кәсіпкерлердің есіне салғым келеді: вейп, насыбай және снюс сатуға тыйым салынған ережелерді сақтау — бұл заңның талабы ғана емес, сонымен қатар қоғам алдындағы жауапкершілік. «Нұра» ауданында мұндай мониторинг үнемі жүргізіліп тұрады.

куроры Аскар Рахман есірткі таратушылар әлеуметтік желіде емін-еркін насихат жұмысын жүргізіп отырғанына тоқталды. Оның айтуынша, жастар мен жасөспірімдер арасында нашакорлық туралы және психологиялық, құқықтық сауаттылықты арттыру маңызды.

— Жастардың көбісі нашакорлық үшін қандай жауапкершілікке тартылатынын білмейді. Есірткі және психотроптық заттарды жасау, сақтау, сатып алу, тасымалдаумен айналысқандар өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Заң бұл бағытта қатаң. Қоғам дертіне айналған нашакорлықпен күрес жан-жақты болғанымен, есірткі таратушылар әлеуметтік желіде емін-еркін жұмысын жүргізіп келеді. Ол қармаққа жастардың түсіп қалатынын өкінішті. Сондықтан жастар үшін психологиялық және құқықтық сауаттылықты арттыру аса маңызды, — делі прокурор А.Рахман.

Жасөспірімдер мен жастар арасында жылдар бойы нашакорлықтың алдын алу шаралары үздіксіз жүргізіліп келе жатқанымен, әлі де болса есірткі тұзағына түсіп қалатындар қатары азаймай отыр. Ә.Қибатқызы мұның себебін қаржы табуы көздеген жастардың есірткі сату жарнамасына байқамай алданып қалатындығымен түсіндірді.

— Есірткі сату жарнамасына қаржы табу мақсатымен жүгінетін жасөспірімдер жиі алданады. Әсіресе, синтетикалық есірткіге еріп кететіндердің үлесі басым. Ал синтетикалық есірткі өз кезегінде героиннан да қатты әсер етеді. Бір сәттік ләззат алғаннан кейін оның тұзағына қалай оңай түсіп кетіп жатқандарын жастар аңғармай жатады. Есірткіге еліткен адам ең әуелі қажетті есірткі дозасын алу үшін ұрлық, кісі

өлтіру сияқты кез келген ауыр қылмысқа баратыны да жағдайды одан әрі ушықтырады. Жеңіл ақша табамын деп түсініктен арылу керек, бастысы салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға көп көңіл бөлген жөн, — дейді Ә.Қибатқызы.

Жақында «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовке жастардың есірткі таратуына жеңіл ақшаға ұмтылмаудың зиянын түсіндіру және есірткі сататын сайттарды жарнамалаудың жолын кесу жөніндегі жұмысты күшейту туралы ұсыныс жасап, депутаттық сауал жолдаған болатын.

Депутаттың айтуынша, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Үкімет есірткіге қарсы қызметті жетілдіруге бағытталған кешенді жоспарды бекіткен. Дегенмен синтетикалық есірткі — халқымыздың денсаулығына, ұлттық тегімізге, экономикамызға, құқықтық тәртіп пен мемлекеттік қауіпсіздігімізге үлкен қатер төндіріп келеді.

— 2023 жылы 3,6 тоннадан аса есірткі және психотроптық заттар, 21,5 тоннадан астам көкнәр сабанының шикізаты және 75 тоннаға жуық синтетикалық есірткіні жасауға пайдаланылатын химиялық реагенттер алынған. Жасырын есірткі зертханаларындағы қылмысты ашу, қылмыскерлерді ұстау бағытындағы жұмыстар Құқық қорғау органдары тарапынан жүргізілгенімен, олардың саны артып барады. Атап айтқанда, Құқық қорғау органдары 2021 жылы — 17, 2022 жылы — 68, 2023 жылы — 81 есірткі зертханасын жойды. Сондай-ақ 34 халықаралық және 32 өңірлік есірткі жеткізу канал жойылыпты. Тек ресми статистика



бойынша, соңғы 3 жылда синтетикалық есірткіні тәркілеу көлемі 100 келіден 1 тоннаға дейін өскен. Яғни, 2021 жылы тәркілеу көлемі 100 келі болса, 2023 жылы 1 тоннаға дейін жеткен. Өкінішке қарай, заңсыз есірткі бизнесі елді нашакор ету сыртқында, жастарды қылмыс әлеміне жұмылдырып жатыр. Жастар мен оқушылар отыратын танымал онлайн платформаларда, мессенджерлерде оларға есірткі сатушылар шығып, «тез табыс табуы» ұсынууда. Осы қарқынмен есірткі бизнесі кете берсе, болашақ жастарымызды нашакор етіп, өлтіріп тынатын түрі бар. Өз кезегінде есірткі бизнесі ұлт болашағына балта шабады, — делі депутат өз сауалында. Яғни, елімізде «Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспары» жұмыс істеп жатқанымен, нәтиже көңіл көншітпейді.

СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІГЕ ТӘУЕЛДІЛЕР САНЫ АРТҚАН

Соңғы жылдары синтетикалық есірткіге елітуші адамдар қатары артқан. Ресми ақпаратқа сенсек, соңғы алты жыл ішінде бұл контингент балалар мен ересектер арасында 17 еседен астам өсіп үлгергені. 2017 жылы осындай есірткіге тәуелді 40 науқас болса, бұл көрсеткіш 2023 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 694-ке жеткен. Салыстырмалы түрде 2018 жылы елімізде 20,3 тонна есірткі тәркіленсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 41,1 тоннаға дейін артқан. Соңғы жылдары әлеуметтік желінің дамуы, интернеттің қолжетімділігі қылмыстың да өршуіне өлкеген.

Астана қаласы Ішкі істер департаментінің дерегіне сүйенсек, тек 2023 жылы наркотицилерге қатысы бар 3 мыңдай сайт және 1,3 мың Telegram арнасы бұғатталған. Қалалық психикалық денсаулық орталығының ашық ақпарат көздеріндегі дерегіне, 2024 жылдың 9 айында Қалалық психикалық денсаулық орталығында есірткіге тәуелділік бойынша есепте турған адамдар саны 1,5%-ға азайған. 2024 жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша, есепте турғандар саны — 976, оның ішінде 3 жасөспірім бар, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 14 адамға аз. Бірақ 2024 жылы есірткіге тәуелділік бойынша есепте турған адамдардың саны азайғанымен, синтетикалық есірткі тұтынушыларының саны артқан. Дәрігерлер есірткі қолданудың медициналық тұсы әртүрлі физикалық және психикалық салдарды қамтиды. Физикалық салдары азғанын түрлі мүшелерін зақымдап, жүрек-қантамыр жүйесінің бұзылуын, тыныс алу жүйесі мен ас қорыту жүйесінде мәселелерді, сондай-ақ түрлі инфекциялық ауруларды тудырады. Иммундық жүйеге әсер етіп, жалпы денсаулықтың нашарлауына және иммунитеттің әлсіреуіне әкеліп соғады. Ал психикалық салдары тіптен ауыр. Есірткінің әсері депрессия, мазасыздық, психоздар, оқуға және есте сақтауға қабілеттіліктің төмендеуі, сондай-ақ тәуелділіктің дамуына өкеледі. Сонымен қатар ұзақ уақыт бойы есірткі қолдану мидағы химиялық теңгерімді өзгертуі және бұл ауыр психикалық бұзылуларға және тіпті өзін-өзі өлтіру туралы ойларға әкелуі мүмкін.

Елордадағы Қалалық психикалық денсаулық орталығы есірткі қолданудың қауіптері туралы ескерту жұмыстарын жүргізіп, есірткі қолданудың салдарымен бетпе-бет келген адамдарға көмек көрсетеді, сондай-ақ тәуелділікпен күресуге және зардап шеккендердің психикалық денсаулығын қалпына келтіруге көмектеседі. Орталықтың есебінше, есірткіге тәуелділік бойынша алғаш рет есепке алынған адамдардың саны 41,3%-ға төмендеген. Быыл 51 адам есепке алынса, оның ішінде 27 адам — синтетикалық есірткі тұтынушылар. Барлығы 262 есірткіге тәуелді адам ерікті түрде тәуелді бойы емдеу стационарында емделген. Сондай-ақ 2022-2024 жылдар аралығында елордада 9 есірткі зертханасының қызметі анықталып, жолы кесілген.

Мемлекеттің есірткімен күресте атқарып жатқан ізгі шараларының қатарында заңның қатаңдатылғаны мен қыркүйекте Ішкі істер министрлігінің құзырында есірткі қылмысына қарсы күрес қызметінің комитеті болып дербес құрылғаны атап айтуға болады. Мысалы, заңға сәйкес, есірткі «жасырып кетушілерге» жаза мерзімі 10-15 жылға дейін созылды. Сондай-ақ ресми есеп бойынша елімізде есірткі қылмысын жасағаны үшін 4 293 адам жазасын түрмеде өтеп жатыр. Тағы бір ең өзекті әрі сорақысы түрмеде жазасын өтеушілер арасында есірткімен күресте алдыңғы шепте жүруге тиіс Ішкі істер органдары қызметкерлерінің де бар екенін атап айтуымыз керек. Мәселен, 2023 жылы 12 полиция қызметкеріне айып тағылған болса, 2024 жылы 9 айда 12 қызметкер істі болған. Сондықтан есірткімен күрес тек құзырлы органдардың ғана емес, қоғам назарынан да тыс қалмауы керек.

Өткен аптада Қызылордаға алғашқы қар түсті. Қыламықтап жауған қардың соңы көктайғаққа ұласып, қала халқы біраз әбiгерге қалды. Құзырлы орындардан қауқар болмады.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жыл сайын Қызылорданың қысы қатты болмайды. Жыл он екі ай жылы ауа райы сақталатындықтан көп жағдайда қыс мезгілі жақындаған тұста селдетіп жауған жаңбырдың соңы қарға ұласып жатады. Әлбетте, мұның арты көктайғаққа апарып соқтырады. Осыны ескерген құзырлы орындар ерте бастан қыс мезгіліне қызу дайындық жұмыстарын қолға алады.

Биыл да жарасымды үрдістен жаңылмаған тазалық сақшылары науқанға қызу дайындық жұмыстарын жүргізіп жатқаны жария еткен еді. Тіпті, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың өзі тиісті мекемелерде арнайы болып, қысқа дайындық шараларымен танысып кайтқаны мәлім.

Нақтырақ айтқанда, шаһар басшысы қаладағы «Қызылорда тазалығы» және «Жасыл Қызылорда» мекемелерінің қысқа дайындығын пысықтаған болатын. Сол кезде әкім қар жауып, көктайғақ бола қалған жағдайда көлік қозғалысында іркіліс болмау қажеттігін баса айтқаны ел есінде.

«Қыс мезгілінде қауіпсіздік шараларын күшейту қажет. Ең бастысы, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі өте маңызды. Соған орай, инертті материалдар қоры, арнайы қар жинау полигондарының жасакталуы, жанар-жағармай қоры, жүр-

ҚЫЗЫЛОРДА ҚЫСҚА ДАЙЫН БОЛМАҒАНЫ МА?



гізушілер мен жол жұмысшылары күшінің жеткілікті болуы назардан тыс қалмауға тиіс», — деп тапсырған болатын сол кездесуде қала әкімі.

Алайда бәрі жоспардағыдай болмай шықты. Бір сәтте жауған қар мен жаңбыр суының әсерінен қала көшелері көктайғаққа ұласып, көптеген жол-көлік оқиғалары тіркелді. Соның ішінде бір мезетте сол жағалаудағы көпір үстінде 10 көліктің

соқтығысқан оқиғасы көптің жағасын ұстатты. Тіпті, бұл келенсіз жайт әлеуметтік желіні де кезіп кетті. Абырой болғанда, адам шығыны жоқ.

Дейтұрғанмен, тиісті мекемелердің қысқа дайындығы осы сәтте өздігінен байқалып қалды. Бұған дейін төтенше жағдайға тас-түйін дайын екендігін айтқан тазалық мекемесі де күтпеген жағайдан тосырқап қалғаны белгілі. Жоғарыда

айтып өткеніміздей, қала әкімінің дайындық жұмыстарымен танысу барысында бәріне сақдай сай екендігін айтқан тазалық мекемесіндегілердің нағыз деңгейі өздігінен ашылғандай болды.

Осыған дейін «Қызылорда тазалығы» мекемесінің қысқы маусымға қажетті техникалары мен басқа да қажеттіліктері тас-түйін дайын тұрғаны айтылып келді. Атап айтқанда, мекеме 154 техникамен арнайы жабдақталған. Соның ішінде қыс маусымындағы жұмыстарға 57 техника қатыстырылады делінген. Бұған қоса, мекеме базасында 2 310 тонна құм мен тұз аралас қоспа жинақталған көрінеді. Қала көшелерін қардан тазалау жұмыстары 2 ауысымда жүргізіліп, оған 270 жұмысшы күші тартылады деп те жоспарланған. Бірақ дер кезінде тиісті шаралар қолға алынбады. Нәтижесінде, қала халқы зардап шекті.

Жалпы, Сыр өңірінде көктайғақ салдарынан болатын жол-көлік оқиғасы жыл сайын қайталанғанымен, ахуал оңалар емес. Тиісті орындар тарапынан немқұрайлық байқалады. Мәселен, 2022 жылды алып қарасак, қала аумағында желтоқсан айының 28-інен 29-ына қараған түні көктайғақ салдарынан 23 жол-көлік оқиғасы тіркеліпті. Келенсіз оқиғадан кейін ғана жол бойында 19 автокөлік жұмылдырылып, құм-тұз себу жұмыстары қолға алған. Сол сияқты 2023 жылдың ақпан айында мұз құрсауында қалған жолда екі қоғамдық көліктің соқтығысқаны

ел есінде болар. Сол уақытта облыс аумағындағы көктайғаққа байланысты Самара-Шымкент тасжолы уақытша жабылған болатын. Ал биылғы жағдайды жоғарыда баяндап өттік.

Өңірде желтоқсан айының алғашқы күндері орын алған келенсіздіктер жайында Қызылорда облыстық Полиция департаментінен де сұрап көрдік. Департамент тарапынан қала аумағында орын алған жол-көлік қаттығысына байланысты тиісті шаралар қолға алынғаны мәлімделді.

«5 желтоқсан күні Қызылорда қаласында ауа райының қолайсыздығына байланысты көктайғақ салдарынан 7 жол-көлік оқиғасы тіркелді. Жол апатынан жарақат алған 3 қала тұрғыны ауруханаға көрініп, үйлеріне қайтарылды. Ал автокөлік жүргізушілеріне ҚР ӘҚБтК-нің 610-бабымен әкімшілік хаттамалар толтырылды. Соған орай облыс тұрғындарынан жолда абай болуын, жүргізушілерден көлік жылдамдығын үдетпеуін сұраймыз. Жылдамдық режимін асырмау, сондай-ақ автомобильдер арасындағы қауіпсіз арақашықтықты, яғни дистанция сақтау және қысқы дөңгелектермен жабдықталу маңызды. Бұл бірінші кезекте жолдағы күтпеген апаттың алдын алуға бірден-бір себебі болды», — деп түсіндірді басқармадан.

Жол-көлік оқиғасынан кейін көп ұзамастан әлеуметтік желі арқылы көшелерді тазалау жұмыстары қарқын алғаны жайында түрлі мәтінде хабарламалар тарайды. Яғни, бұл жолы да болары болып, бояуы сінгеннен кейін ғана техникалар жұмылдырып, көше бойын мұз құрсауынан аршуға кірісті.

Осы орайда тиісті орындар міндетті жұмыстарды дер уақытында неге атқармады деген сұрақ туындауы заңдылық. Халық осы сауалға жауап таппай әлек. Сірә, тиісті орындар өткен жылғы оқиғалардан әлі сабақ алмаған сияқты.

ҚАНШАМА ЗИРАТ КӨРДІМ, ІШІНДЕ АДАМЫ ЖОҚ...

Көкшетаудағы қалалық бейітте қабірлердің елу-алпысқа дейін алдын ала қазып тасталатыны жайлы әлеуметтік желіге тарап кеткен видео көптің жағасын ұстатты. «Жер қазу кәдімгі кәсіпке айналыпты» деген жұртшылықтың алаңдаушылығы да орынды секілді.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Бейнетүсірілімдегі үзіндіде қатар-қатар қазылған қабір шұңқырлары соғыс кезіндегі «сақдай-сай» әзірленіп қойылыпты. Желілерде желдей тараған бейнероликтен кейін бірнеше күн өткенде алдын ала қазылған қабірлер жергілікті биліктің араласуымен жабылып тасталды. Бірақ осыған дейін бірнеше жыл бойғы еш кедергісіз жүзеге асырылып жатқан кәсіптің одан әрі де еш тоқтаусыз жүргізіле беретінін анық аңғардық.

ЖЕРЛЕУ РӘСІМІНІҢ ҚҰНЫ — 150 МЫҢ ТЕНГЕ

Видеодағы бір мәселе — қабірлердің алдын ала қазылып қойылуы болса, екіншісі — мұсылман бейітіндегі жерлеу ақысының бағасы. Көпшіліктің аузында бір адамды жерлеу құны 150 мың теңгеге жетіп жығылғаны айтылды. Әрине, бұл қара жамылып, онсыз да жақын-жуықтары мен туған-туысқаны ойда-жоқта мәңгіге жоғалтқан кез келген отбасы үшін оңай қаржы емес. Жерлеу рәсімін атқару үшін дастарқан дүниесінен бөлек, жер қазу ақысының осынша көлемде болуы халықтың ащы жанапайын тудырған.

Түйткілді түйінін ең алдымен қала бейітінің басында қайла-күрегі мен басқа да керек-жарағын сайлап алты жыл бойы жерлеу рәсімін атқарып жүрген жеке кәсіпкер Ербол Мурзатаевпен кездесіп, мән-жайды сұрадық. Бұл кәсіпті бастағанда зират маңында ешқандай жағдай, тіпті жол да болмағанын алға тарттады.

— Алғаш 2018 келген жылы зиратта жол да болған жоқ. Біз балшыққа батып, мәйітті бейіт ішіне қолмен кіргізетін кездеріміз де болды. Қыстыгүні жол ашылмайды. Азаматтарға айтып бейіт ішіне ұсақ тас төгіп, жолын салып түзеттік. Келген жылдары бейіт ішінен 38 камаз қосық шығардым. Биылғы жылдың өзінде 8 камаз қосық шықты. Мен мұнда келгенде жігіттер қабірді қолмен қазатын. Опырып қазғыш, мотор алдық. Былтыр аяз қатты болған кезде орыстардан техника жалдап алып, бет жағын қаздырдық. Олар жыл сайын 150-200 мола қазып қояды екен. Шарифатта бұған ешқандай айып жоқ. Қазір қала маңындағы ауылдардың бәрі осында көшіп келіп жатыр. Күніне он адамға дейін келетін кездер болады. Ондайда үлгермейміз ғой. Сондықтан алдын ала қазып қоямыз. Бір айда 20-25 адамға дейін қайтыс болады. Қазақстандың түкпір-түкпірінде, тіпті Астанада да осылай күні бүрын қазылып қояды. Бағасына келсек, жер сатылмайды. Жер тегін. Өздері қазамыз дегендер ағайын-туыстарын жинап, қабірді

өздері қазып алады. Қазбайтын болса, бізде арнайы құрылған топ қазады. Бір қабірді қазу шамамен 6-7 сағат уақыт алады. Жерді қазып беру құны — 90 мың теңге. Трактормен бет жағын ғана қазамыз. Бет тақтайы мен айшығын біз ағаш кесушілерден сатып аламыз. 52 мың теңгеге сатып алып, 60 мың теңгеге сатамыз. Қалған сегіз мың теңгесіне күрек-сайман алып, опырғыштарымыз, мотор сынып жатса, соны жөндейміз. Жұмысшыларға күзгі, қысқы жазғы барлық киім, аяқкиім шұлықтары мен қолғаптарына дейін алып беремін, — дейді Ербол Мурзатаев.

Тендерді жеңіп алғандар бастапқы кезде жұмыс істеген сияқты болады. Кейін жоғалып кетеді. Жыл сайын орыстардың және мұсылман бейіттерінің әрқайсысына жыл сайын 6 миллионнан 12 миллион теңгеге тендер ойналады. Бізді ешқандай тендерге қатыстырмайды.

Жер қазуды кәсіп қылған Ерболдың айтуынша, бейіттің айналасында үлкен дау болған соң сол кездегі Көкшетау қаласының әкімі Ермек Маржықпаев ақсақалдарды жинап, жиын өткізген. Зиратты қазу рәсімінің бағасы сол кезде ақсақалдармен ақылдаса отырып қойылған-мыс. — Сол жиында ақсақалдар ел болып, мені тағайындады. Мен ол кезде жаназада жүретінмін. Бәрін білген соң осы істі маған тапсырды. Ол кезде мұндай баға болған жоқ, сол ақсақалдармен ақылдасып, осы бағаны қойғанбыз. Қаладағы ақсақалдар бұл бағаны бәрі біледі. Сол ақсақалдармен бірге осы жер қазу 90 мың, беттақтайы мен айшығы 60 мың теңге болып қойылған, — дейді Ербол Мурзатаев.

Біз бейіттегі жер қазушылар құны 60 мың теңге деп бағаланған мұсылман бейіттеріндегі беттақтайдың іс жүзіндегі құнын ағаш тілушілерден анықтағанымыз келді. Ол үшін бір текше тактайдың құны мен одан қанша беттақтай әзірлеуге болатынын сұрадық.

— Иә, мұсылман қабірлеріне 10x15 мөлшеріндегі беттақтай үшін тактай алуға келетіндер бар. Бір текше тактайдың құны 120 мың теңге тұрады. Бұл бір текше тактайдан шамамен 3-4 беттақтай арналған материал шығады, — дейді «АБД» ағаш тілу жеке кәсіпкерлігі өкілдері.

ТЕНДЕРДІҢ ҚҰНЫ — БІР ТЕНГЕ

Бейіт айналасында қаражаттың көп жүруінен бе, даулы жағдай жиі туындап жататыны рас. Бірақ бізді таңғалдырған бір жайт, бір адамды жерлеу рәсімінің құны 150 мың теңге болып жатқанда, тендер тек 1 теңгеге ғана ойналатыны. Мұның да



көшірілетіні белгісіз, — дейді Ербол Мурзатаев.

Жер қазушы Ербол жергілікті әкімдік пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық тарапынан бейіттің қарын аршу, қосқысын шығаруға еш көмек жасалмағанын да атап өтті. Тендер ойналғанымен, бейітте ешқандай жұмыстардың тиісті түрде жүрмейтінін жеткізді.

— Тендерді жеңіп алғандар бастапқы кезде жұмыс істеген сияқты болады. Кейін жоғалып кетеді. Жыл сайын орыстардың және мұсылман бейіттерінің әрқайсысына жыл сайын 6 миллионнан 12 миллион теңгеге тендер ойналады. Бізді ешқандай тендерге қатыстырмайды. Алты миллион теңгенің қайда кетіп жатқанын білмеймін. Бірақ бейіт басында ешқандай жұмыс істелмейді. Қаражаттың қайда кетіп жатқанын қалалық ТҮКШ бөлімі біледі. Басында дәлел есеп үшін тазалық жұмыстарын жүргізген болады, — деп түсіндірді Ербол Мурзатаев.

Алдын ала қабір қазудың себебін білу үшін «Науан Хазірет» атындағы облыстық мешіттің бас имамы Қуаныш Сәбитке хабарластық. Бас имам алдын ала қабір қазудың, сондай-ақ көрсетілетін қызмет үшін ақы төлеудің шарифатқа қайшы келмейтінін атап өтті.

— Осы күндері Көкшетау қалалық зиратында қабірлер алдына ала қазылып қояды екен деген видео таралып, талқыға түсуде. Біріншіден, бұл мәселеге кіріспес бұрын қалалық зираттарға қызмет көрсету әкімшілік тарапынан тендер ойнату арқылы жүзеге асатынын айтқымыз келеді. 2024 жылғы тендерді 1 теңгеге Астана қаласынан бір фирма ұтқан болатын. Бірақ осы күнге дейін бұл фирма зиратқа ешбір қызметін (жолды қардан тазалау, жолды жөндеу, тазалық жұмыстары т.б.) көрсетпеді. Бірақ осы күнге дейін мұсылманшылық міндетті орындау үшін қалалық зиратты мешіт қызметкерлері қарап келді. Зиратта жер тегін беріледі, ал төленетін 150 000 теңгеге

беттақтай, айшық, күрек саймандар және қабіршілердің ақысы төленеді. Қалған қаражатқа мешітті тазалау, жолдарын тегістеу, қыста қарды тазалау т.б. жұмыстар жүргізіледі. Жер қатпай тұрып қалалық зиратта алдын ала қабірлер қазылып қойған болатын. Оның себебі де бар. Қалалық жерлерде ауылдағыдай қабір қазуға адам жиналмайды. Қыстыгүні жер 1,5 метрге дейін қатып қалады, қабірді қазу қиындық туғызады. Сонымен қатар кейде қабір қазу түгіл, жерлеудің өзінде адамдар атсалыспайды, — дейді бас имам Қуаныш Сәбит.

Желіде желдей есіп қоғамдық резонанс көтерілген мәселеге байланысты Ақмола облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы әр облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Ермек Нұғмановқа да хабарластық.

— Жақында ғана бір жақным дүние салып, 150 мың теңге төледім. Халықтан арыз түсіп, қоғамдық кеңесте де бұл мәселе талқыға түскен. Конкурс арқылы тендермен өткізіледі. Ең басты мәселе — бұл емес. Қалалық бейіт толуға шак қалды. Жақын арада адам жерлейтін орын болмай қалады. Сондықтан ең алдымен осы мәселені көтеру керек. Зиратқа орын сұрау керек, — деді Ермек Нұғманов.

Қоғам арасында үлкен дау тудырған түйінін ұшып Көкшетау қалалық әкімдікке қарасты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінен білгіміз келген. Өкінішке қарай, басшысымен тілдесу мүмкін болмады. Ақыры жауапты бөлім басшысының орынбасары Ерболат Серікбаевтан алдық.

— Щучинск трассасы бойында орналасқан мұсылман және христиан бейіттері қалалық тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық бөлімінің теңгерімінде орналасқан. Зан аясында мемлекеттік мекеме өзі күтім жасай алмайтындықтан мердігер компаниялар арасында конкурс ойнатылады. Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес астаналық ADS GC ЖШС-мен үш жылға келісімшарт жасалған. Бәсекелестік ортаға беріледі. Мың теңгеге күтім жұмыстары жүргізілмейді. Жұмыстардың бәрі мердігер компаниямен жүргізіледі. Конкурс бойынша қызмет көрсетуді ұтып алған компания жерлеу рәсімін жүргізуден арқылы қаражат табады. Сол арқылы зираттың күтім жұмыстарын жүргізеді. Мердігер ADS GC компаниясымен арада жасалған келісімшарт күшін жойған жоқ. Компанияның алдығын қожайыны мен қазіргі қожайыны өзара келісімшарт жасасып, қазіргі қожайыны сол ұйымды сатып алды. Біз мемлекеттік мекеме тарапынан оған ешқандай қарсылық білдіре алмаймыз. Бейіттің мемлекеттік актісі, құжаттары бар. Зират толған жағдайда жана орын алуға өтінім жасаймыз, — деді Көкшетау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі басшысының орынбасары Ерболат Серікбаев.

P.S.

Егер қабірлерді алдын ала қазып тастау дұрыс болса онда оны қайдан неге қабатты? Жерлеу құнының қымбаттығы неге алаңдатпайды? Көңілде — көп сауал. Өкініштісі — көп сауалдың түйіні тарқамай тұр.

12 ЖЕЛТОҚСАН 2024 | БЕЙСЕНБІ



Өнеркәсіптік роботтар ондаған жылдан бері қолданылып келе жатқаны бәріне мәлім. Жасанды интеллект, машиналық оқыту және инженерия саласындағы соңғы жетістіктер олардың жұмысын кешенді түрде тиімдірек етті.

РОБОТТАР

ДӘУІРІ БАСТАЛДЫ

Әсет ҚАЛИ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2016 жылдан бері әлемде жұмысшы роботтар саны екі есеге артты. Қытай алғаш рет Германия мен Жапонияны басып озып, ең роботтандырылған елдердің үштігіне енді. Қазір Қытайда әр 10 мың қызметкерге 470 роботтан келеді. Әлемдегі зауыттарда жалпы 4 миллионнан астам робот жұмыс істесе, олардың жартысынан астамы – Қытайдың үлесінде (276 мың). Ал әлемдік көшбасшы – Оңтүстік Корея (1 012 робот), екінші орында – Сингапур (770 робот). Өнеркәсіптік роботтардың тығыздығы бойынша Еуропа алда тұр (әр 10 мың жұмысшыға – 219 робот), Солтүстік Америкада – 197, Азияда – 182. Осы қарқынмен жұмыстың бәрін роботқа жүктейтін күн де алыс емес секілді.

Робототехника индустриясының қарқынды дамып жатқаны таңғалдыруда. Технологиялық жетістіктер мен автомат-

QazIndustry АҚ есептік деректеріне сәйкес, Қазақстанда 24-тен астам кәсіпорында 90-нан астам өнеркәсіптік робот қолданылады. Олардың негізгі үлесі өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі екен. Бұл ретте өнеркәсіптік роботтардың орташа «жасы» шамамен 6 жылды құрайды. Роботтарды қолданудың негізгі бағыттары ретінде манипуляторлар, жылжыту, дәнекерлеу және бояу, сапаны бақылау сынды жұмыстар қамтылып отыр.

– Елімізде экономиканы екі есе ұлғайту кезінде шығарылатын өнім көлемін арттыру үшін көп адамды жұмысқа тартуға мүмкіндік жоқ. Осыған байланысты 2029 жылға қарай өндірісте робототехникалық кешендерді қолдану арқылы жоғары өнімділігіне қол жеткізуге болады. Бұл экономикасы дамыған елдердің тәжірибесінде айқын көрінеді.


жабдықтар шығармаймыз, сонымен бірге оларды сатып алуға көп ақша жұмсауды жоспарлап отырмыз. Не үшін? Одан да роботтар өндірісін қолға алып, бірден төртінші-бесінші деңгейге өтуіміз тиімді. Бір робот бес-алты адамның орнын басады. Осыған байланысты бұл мәселелермен неғұрлым байыпты айналысуды және робототехниканы енгізу бағдарламаларын әзірлеуді сұраймыз, – деді Мейрам Пшембаев.

Роботтар адамдардың жұмыс орындарын тартып алып, еңбек нарығын түбегейлі өзгертетініне сену оңай. Өйткені чат-боттар тұтынушыларға қызмет көрсету өкілдері ретінде тиімдірек бола бастады, ал компьютерлік бағдарламалар тауарларды өз бетімен қадағалауға «қабілетті».

– Бірақ роботтардың жаһанды жаулауынан қорқудың қажеті жоқ, – дейді әлеуметтік ғылым профессоры Эрик Далин. Далиннің зерттеуі роботтар адамдардың көпшілігі ойлағандай жылдамдықпен адамдарды алмастырмайтынын, бірақ адамдар роботтардың еңбек нарығын жаулап алу қарқынын қатты асырып көрсетуге бейім екенін көрсетті.

Оның зерттеуіне сүйенсек, роботтар салдарынан жұмысынан айырылған адамдар барлық жұмыстың 47%-ы автоматтандырылған деп есептейді. Жұмыс бар адамдар бұл санды 29%-ға тең деп бағалайды екен. Шын мәнінде, жұмысшылардың 14%-ы ғана роботтармен ауыстырылған.

Премьер-Министр Олжас Бектенов бұл мәселені шешу үшін қарапайым әрі түсінікті бағдарлама әзірлеу қажет екенін айтты. Оның сөзінше, бағдарлама қолданбалы сипатта болып, нақты нәтижелерге бағытталуы тиіс.



тандыруға қажеттіліктің артуы арқасында өндірістен логистикаға дейінгі әртүрлі сала өзгеріске ұшырауда. Bloomberg-тің болжамдарына көз жүгіртейік: 2027 жылға қарай жаһандық робототехника индустриясының кірісі 43,32 миллиард АҚШ долларына жетеді. Бұл өсім өндірістік процестердің ажырамас бөлігіне айналған өнеркәсіптік роботтарға деген сұраныстың күшеюі арқасында болмақ.

Бүгінде Азия – жаһандық робототехника индустриясы табысының үштен бірінен астамын бақылайтын көшбасшы. Қытай, Оңтүстік Корея және Жапония сияқты елдер – роботтық жүйелердің өндірісін жандандырып, инновацияларды белсенді түрде енгізуде негізгі күштер. Қазіргі күннің өзінде әлемде 3,4 миллионнан астам өнеркәсіптік робот бар. Бұл рекордтық сан өсіп келеді, өйткені компаниялар тиімділікті арттыру үшін робототехникаға көбірек бет бұруда.

Жаһандық деңгейде өнеркәсіпте роботтар мен жұмысшылардың арақатынасы 1:71-ді құрайды. Бұл роботтар қызметкерлердің жұмысын жеңілдетіп, дәлдікті талап ететін және қайталанатын тапсырмаларды орындайды. Роботтарды жаппай жұмысқа жегудің теріс жақтары да бар. Мысалы, жұмысшылардың 14%-ы міндеттерін роботтармен алмастыру салдарынан жұмыссыз қалды.

Роботтар адамдардың жұмыс орындарын тартып алып, еңбек нарығын түбегейлі өзгертетініне сену оңай. Өйткені чат-боттар тұтынушыларға қызмет көрсету өкілдері ретінде тиімдірек бола бастады, ал компьютерлік бағдарламалар тауарларды өз бетімен қадағалауға «қабілетті».

Мәселен, Оңтүстік Кореяда 10 мың жұмысшыға 1 мың роботтан келсе, Сингапурда 700 роботтан, Германия мен Жапонияда 400-ден, ал Қазақстанда небәрі жеті роботтан келеді. Өндірісте робототехникалық кешендерді енгізу қарқыны да төмен, – деп мәлімдеді Көлік жасаушылар одағының басқарма төрағасы Мейрам Пшембаев.

Оның айтуынша, 2023 жылы Қазақстанда небәрі 100 робототехникалық кешен енгізілсе, Қытайда 290 мың кешен енгізілген.

– Бұл үрдіс экономикасы дамыған елдерде арта түседі, өйткені роботтандыру, біріншіден, бізге жұмыс күшін қамтамасыз ету мәселесін шешуге мүмкіндік берер еді. Екіншіден, біз ескі көліктер паркін жаңғыртудан бас тартатын едік. Біз машиналар мен

– Біз теориялық талқылаулардан нақты іске көшкеніміз дұрыс. Әрдайым өзгелердің соңынан қуып жүрмей, дәстүрлі машиналар мен жабдықтарды бірден роботтармен алмастыра бастауымыз керек. Бұл оңай шаруа емес, бірақ осы бағытта жұмыс істеп, нақты қадамдар жасауымыз үлкен өзгерістер алып келеді, – деді ол.

Робототехника саласы өндіріс пен жұмыспен қамтудың үйреншікті идеяларын таңғаларлық жылдамдықпен өзгертіп жатыр. Ол адамдардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналып, өндіріс, білім және медицина секілді салаларға ықпалы айтарлықтай білініп жатқандай. Роботтар дәуірі басталды, бірақ оның бағыт-бағдары мен салдары біздің оны қалай басқаратынымызға байланысты болмақ.

«СЫРТЫ БҮТІН» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ

Астанада халықаралық марапаттарға ие болған танымал автор Рейчел Луиза Снайдердің «Сырты бүтін» (No Visible Bruises) кітабының қазақ тіліндегі басылымының тұсауқесері өтті. 2019 жылы New York Times ұсынған «Жылдың 10 үздік кітабы» тізіміне енген бұл шығарма отбасылық зорлық-зомбылықтың жасырынып жатқан себептерін, әсері мен шешімдерін зерттейді. Шараға АҚШ-тың Қазақстандағы өкілдігі мен Steppe & World баспа үйі мұрындық болды.



Іс-шара Адам құқықтары күніне орай ұйымдастырылып, сонымен қатар АҚШ-тың Қазақстандағы Дипломатиялық өкілдігінің қолдауымен өткізілетін жыл сайынғы «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік» науқанын қорытындылады. Бұл науқан гендерлік теңсіздік және зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелері бойынша қоғамды ақпараттандыруды және талқылауды мақсат етеді. АҚШ-тың Қазақстандағы Дипломатиялық өкілдігі Қазақстанның үйдегі зорлық-зомбылықты қылмыс деп тануда нақты ұстанымын қолдау үшін бұл еңбекті аударуға қаржылай қолдау көрсетті.

АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Дэниел Розенблюм шараны ашып, гендерлік зорлық-зомбылықтың қоғамдық денсаулыққа да, адам құқықтарына да зиян келтіретінін атап өтті. Оның айтуынша, бұл проблема Қазақстанда немесе

Биыл Салтанат Нүкенованың қайғылы қазасынан кейін Қазақстан халқы бірігіп, гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы үн қосты, әйел мен баланы қорғау шараларын күшейтуді талап етті. Қазақстан үкіметін, осы күреспен жылдар бойы айналысқан белсенділерді және халықты маңызды заңнамалық өзгерістерге қол жеткізулерімен құттықтаймын», – деді ол.

Ашылу салтанатынан кейін Steppe & World баспа үйінің редакторы Назгүл Қожабек, Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова, отбасылық психолог Ержан Мырзабаев және тележурналист, продюсер Дана Нұржігіттің қатысуымен талқылау өтті.

Рейчел Луиза Снайдердің «Сырты бүтін» (No Visible Bruises) кітабы зерттеу журналистикасын жеке оқиғалармен ұштастырып, үйдегі зорлық-зомбылықты жаһандық дағдарыс ретінде қарастырады. Бұл кітап



АҚШ-та ғана емес, әлемнің зорлық елдерінде болып отырған ақиқат.

«Гендерлік зорлық-зомбылық – жаһандық эпидемия және біз бұл тақырыпты барлық тілде, оның ішінде қазақ тілінде ашық талқылауымыз керек. Ауыр мәселелерден қашу тек зорлық-зомбылық жасаушыларға пайдалы болады. Бұл кітаптың тұсауқесері 2024 жылы өтіп жатқаны кездейсоқ емес, өйткені биыл Қазақстанның гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күресінде үміт ұялаған жыл.

қоғамның үйдегі зорлық-зомбылықпен күрестегі рөлі туралы маңызды пікірталас тудырды. Қазақ тіліндегі аударма осы бір маңызды еңбекті қазақтілді аудиторияға, соның ішінде гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу және жәбірленушілерді қолдау бойынша жұмыс істейтін зорлық-зомбылық жасаушыларға жетімді етуді мақсат етеді. 2025 жылдың қантар айында кітап тұсауқесері Алматы және Шымкент қалаларында да өтеді.

Асыл ТҰМАР

NUR MEDIA
МЕДИЯ КОМПАНИЯСЫ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТИНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4533
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,